

2026. 13 (3)

Asian Journal "STEPPE PANORAMA"



ISSN 3135-8055

ISSN 3135-8055 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2026
© Авторлар ұжымы, 2026

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Жаркен Айгүл Мәлікқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Мунинов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Болон ғылым академиясының корр. -мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Томохико Уяма — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қайпбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Бурханов Бимурад Бадритдинұлы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 3135-8055 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03. 04. 2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Жаркен Айгуль Маликовна — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилёва. (Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

Томохико Уяма — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Бурханов Бимурад Бадритдинович — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 3135-8055 (online)

Founder and publisher: RSE on REM" Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03. 04. 2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2026
© Group of authors, 2026

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ / ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Published in the Republic of Kazakhstan
Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal "Steppe Panorama"
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 3135-8055 .
Vol. 13. Is. 3, pp. 926-946, 2026
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03. 20
https://doi.org/10.51943/3135-8055_2026_13_3_926-946

SEASONAL SETTLEMENTS OF THE DULAT TRIBE IN THE VALLEYS OF THE SHU-ILE AND TALAS RIVERS

Sapatay Samat¹, Kartayeva Tattigul², Orynbassar Baglan^{3}*

¹Al-Farabi Kazakh National University
(71 al-Farabi Ave., Almaty, 050059, Republic of Kazakhstan)
PhD, docent-researcher
 <https://orcid.org/0000-0003-2873-5183> E-mail: samat.sapatayev@gmail.com

²Al-Farabi Kazakh National University
(71 al-Farabi Ave., Almaty, 050059, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Professor
 <https://orcid.org/0009-0007-9258-198X> E-mail: zulfiyakuralove@gmail.com

³Al-Farabi Kazakh National University
(71 al-Farabi Ave., Almaty, 050059, Republic of Kazakhstan)
PhD student
 <https://orcid.org/0000-0002-2210-5386> E-mail: bagi1986@mail.ru
* Corresponding author

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2026
© Sapatay S., Kartayeva T. Orynbassar B., 2026

Abstract. Introduction. The ethnic history of the Kazakhs represents an extremely complex process. Early written sources, statistical census records, and data on ancient settlement sites are of great importance for the scholarly analysis of information concerning the possession and number of seasonal settlements and seasonal pastures among Kazakhs engaged in nomadic and semi-nomadic pastoralism. The notes of researchers and military officials of the nineteenth and early twentieth centuries provide an accurate reflection of the traditional way of life of that period. The study of transformations during the transition of the Kazakh people from a nomadic to a sedentary lifestyle, as well as the identification of the territorial range of migration routes between ancient seasonal settlements, remains a highly relevant issue in historical and ethnographic research. *Purpose and objectives of the study* – to analyze the possession of seasonal settlements by the Dulat tribe in the valleys of the Shu-Ile and Talas rivers within the framework of the “ataqonys” system, and in the context of “local ethnography” or “regional ethnography”; to determine permanent wintering sites, the number of households (shanyrak) in auls, the patterns of seasonal migrations, and the proportion between semi-nomadic and sedentary populations. *Research methods.* The study employed a comprehensive set of scholarly methods, including historical-statistical, ethno-economic, and historical-toponymic analysis of historical written sources and primary materials from agricultural censuses, as well as methods of ethnographic field research. Based on the historical-toponymic investigation, it was established that the toponyms of ancient wintering sites have survived to the

present day in an unchanged form. *Results.* The settlement area of the Dulats was extensive; in the southeastern regions specifically in the middle reaches of the Shu and Talas river valleys – they constituted the most numerous clans. The Dulats wintered in the uyezds of Aulieata, Chernyaev, and Verny, and in summer migrated to the upper reaches of the Shu and Talas rivers, crossing the Karatau passes as far as Namangan. The Dulats, who practiced semi-nomadic pastoralism, also occupied pastures east of the Kyzylkum during the winter period. *Conclusions.* It can be concluded that the present-day settlement pattern in the Talas and Shu-Ile valleys corresponds to the settlements recorded in the earliest census documents. Field ethnoarchaeological research conducted on the seasonal settlements of the Dulats confirmed the correspondence between ancient seasonal settlements and modern populated areas, as well as the preservation of wintering and summering toponymy.

Keywords: Shu-Ile Valley, Talas Valley, the Dulat tribe, winter settlements, summer settlements, aul, historical toponymy.

Acknowledgments: The article was prepared within the framework of the fundamental project “AP23488984 Medieval Toponymy in the Aspect of the Formation of the Ethnic Territory of the Kazakh People.”

For citation: Sapatay S., Kartayeva T. Orynabassar B. Seasonal settlements of the dulat tribe in the valleys of the Shu-Ile and Talas rivers// Asian Journal "Steppe Panorama". 2026. Vol. 13. No. 3. Pp. 926–946. (In Kaz.). DOI: 10. 51943/3135-8055 _2026_13_3_926–946

ШУ-ІЛЕ ЖӘНЕ ТАЛАС ӨЗЕНДЕРІ АҢҒАРЛАРЫНДАҒЫ ДУЛАТ ТАЙПАСЫНЫҢ МЕРЗІМДІК ҚОНЫСТАРЫ

Сапатай Самат Әбдіразақұлы¹, Картаева Тәттігүл Ерсайынқызы²,
Орынбасар Бағлан Құралбайқызы^{3*}

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(71-үй, Әл-Фараби даңғылы, 050059, Алматы, Қазақстан Республикасы)
PhD, доцент-зерттеуші
 <https://orcid.org/0000-0003-2873-5183> E-mail: samat.sapatayev@gmail.com

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(71-үй, Әл-Фараби даңғылы, 050059, Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор
 <https://orcid.org/0000-0001-6180-4107> E-mail: kartaeva07@mail.ru

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(71-үй, Әл-Фараби даңғылы, 050059, Алматы, Қазақстан Республикасы)
PhD докторант
 <https://orcid.org/0000-0002-2210-5386> E-mail: bagi1986@mail.ru

* Автор-корреспондент

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026
© Сапатай С.Ә, Картаева Т.Е., Орынбасар Б.Қ., 2026

Аңдатпа. *Kіріспе.* Қазақтарының этникалық тарихы аса күрделі үдеріс. Көшпелі, жартылай көшпелі мал шаруашылығын кәсіп еткен қазақтардың мерзімдік қоныс, мерзімдік жайылымдық жерлерді иемденуі мен олардың саны туралы мәліметті ғылыми өңдеуге алғашқы жазба деректер, статистикалық санақ парақтары, байырғы қоныс орындарының маңызы зор. XIX–XX ғасырдың бас кезіндегі зерттеушілердің, әскерилердің жазбалары сол кезеңнің дәстүрлі өмірінің дәлме-дәл болмысын береді. Қазақ халқының көшпеліліктен отырықшылыққа ауысу кезеңіндегі өзгерістер, байырғы мерзімдік қоныстар арасындағы көш-қатынас жолдарының ареалын анықтау тарихи-этнография бағытында аса өзекті мәселе

қатарында. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* Дулат тайпасының Шу-Іле, Талас өзені аңғарындағы мерзімдік қоныстарды иемденуін «атақоныс» жүйесі, «локальды этнография» немесе «аймақтық этнография» концентінде талдау; тұрақты қыстауларын, ауылдардағы шаңырақ санын, мерзімдік қонысқа көшіп-қону, жартылай көшпелілер мен отырықшылардың ара салмағын анықтау. *Зерттеу әдісі.* Зерттеуде тарихи жазба деректер, алғашқы ауыл шаруашылығы санақ материалдарын тарихи-статистика, этноэкономикалық, тарихи-топонимикалық зерттеу тұрғысынан ғылыми өңдеу мен этнографиялық далалық зерттеу әдістері кешенді түрде қолданылды. Тарихи-топонимикалық зерттеу негізінде ертедегі қыстаулық жер-су атаулары осы күнге өзгеріссіз жеткені анықталды. *Нәтижелер.* Дулаттардың қоныстану ареалы кең болды, әрі оңтүстік-шығыста Шу, Талас өзендерінің орта ағысы аңғарында олардың саны ең басым руды құрады. Дулаттар Әулиеата, Черняев, Верный уезінде қыстап, жазда Шу, Талас өзенінің жоғары ағысы, Қаратау асуларынан өтіп Наманганға дейін барды. Жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын Дулаттар қыста Қызылқұмның шығысындағы жайылымдарды да иеленді. *Қорытынды.* Талас, Шу-Іле аңғарындағы осы таңдағы қоныстануы алғашқы санақ жазбасында тіркелген қоныстарға сәйкес келеді деп қорытындылауға болады. Дулаттардың мерзімдік қоныстарына жүргізілген далалық этноархеологиялық зерттеулер байырғы мерзімдік қоныстар және қазіргі елді мекендерінің сәйкес келетінін, қыстау-жайлау топонимикасының өзгермей жеткенін айғақтады.

Түйін сөздер: Шу-Іле аңғары, Талас аңғары, Дулат тайпасы, қыстаулық қоныстар, жайлаулық қоныстар, ауыл, тарихи топонимика.

Алғыс айту: Мақала «AP23488984 Қазақ халқының этникалық территориясының қалыптасу аспектісіндегі ортағасырлық топонимика» атты іргелі жоба аясында жазылды.

Дәйексөз үшін: Сапатай С.Ә., Қартаева Т.Е., Орынбасар Б.Қ. Шу-Іле және Талас өзендері аңғарларындағы дулат тайпасының мерзімдік қоныстары // Asian Journal «Steppe Panorama». 2026. Т. 13. № 3. 926–946 бб. (Қаз.). DOI: 10. 51943/3135-8055 _2026_13_3_926–946

СЕЗОННЫЕ ПОСЕЛЕНИЯ ПЛЕМЕНИ ДУЛАТ В ДОЛИНАХ РЕК ШУ-ИЛЕ И ТАЛАСА

Сапатай Самат Абдиразакулы¹, Картаева Таттигул Ерсайыновна²,
Орынбасар Баглан Куралбайқызы^{3*}

¹Казахский национальный университет имени Аль-Фараби
(71 проспект аль-Фараби, Алматы, 050059, Республика Казахстан)
PhD, доцент-исследователь
 <https://orcid.org/0000-0003-2873-5183> E-mail: samat.sapatayev@gmail.com

²Казахский национальный университет имени Аль-Фараби
(71 проспект аль-Фараби, Алматы, 050059, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, профессор
 <https://orcid.org/0000-0001-6180-4107> E-mail: kartaeva07@mail.ru

³ Казахский национальный университет имени Аль-Фараби
(71 проспект аль-Фараби, Алматы, 050059, Республика Казахстан)
PhD докторант
 <https://orcid.org/0000-0002-2210-5386> E-mail: bagi1986@mail.ru

* Автор-корреспондент

Аннотация. Введение. Этническая история казахов представляет собой чрезвычайно сложный процесс. Для научной обработки сведений о владении сезонными поселениями и сезонными пастбищными угодьями, а также об их количестве у казахов, занимавшихся кочевым и полукочевым скотоводством, особое значение имеют ранние письменные источники, статистические переписные листы и данные о древних местах поселений. Записки исследователей и военных XIX – начала XX века дают достоверное отражение традиционного уклада жизни того периода. Изучение изменений в период перехода казахского народа от кочевого к оседлому образу жизни, а также определение ареала миграционных путей между древними сезонными поселениями является одной из актуальных проблем историко-этнографического направления. *Цель и задачи исследования* – проанализировать владение сезонными поселениями племени Дулат в долинах рек Шу-Иле и Талас в контексте системы «атақоныс», а также в рамках концепции «локальной этнографии» или «региональной этнографии»; определить постоянные зимовки, количество хозяйств (шаңыраков) в аулах, характер сезонных перекочёвок, а также соотношение полукочевников и оседлого населения. *Методы исследования.* В рамках исследования применялся комплекс научных методов, включающий историко-статистическую, этноэкономическую и историко-топонимическую обработку исторических письменных источников и первичных материалов сельскохозяйственных переписей, а также методы этнографических полевых исследований. На основании историко-топонимического исследования было установлено, что топонимы древних зимовок сохранились до настоящего времени в неизменном виде. *Результаты.* Ареал расселения Дулатов был обширным, при этом в юго-восточной части – в долинах среднего течения рек Шу и Талас – они составляли наиболее многочисленный род. Дулаты зимовали в уездах Аулиеата, Черняев и Верный, а летом кочевали к верховьям рек Шу и Талас, переходя через перевалы Каратау, вплоть до Намангана. Дулаты, занимавшиеся полукочевым скотоводством, в зимний период также владели пастбищами к востоку от Кызылкума. *Выводы.* Можно заключить, что современное расселение в долинах Таласа и Шу-Иле соответствует поселениям, зафиксированным в первых переписных записях. Проведённые полевые этноархеологические исследования сезонных поселений Дулатов подтвердили соответствие древних сезонных поселений современным населённым пунктам, а также сохранность топонимики зимовок и летовок.

Ключевые слова: Шу-Илийская долина, Таласская долина, племя Дулат, зимние поселения, летние стойбища, аул, историческая топонимика.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках фундаментального проекта «АР23488984 Средневековая топонимика в аспекте формирования этнической территории казахского народа».

Для цитирования: Сапатай С.А., Картаева Т.Е., Орынбасар Б.К. Сезонные поселения племени дулат в долинах рек Шу-Иле и Таласа // Asian Journal «Steppe Panorama». 2026. Т. 13. № 3. С. 926–946. (На каз.). DOI: 10. 51943/3135-8055 _2026_13_3_926–946

Кіріспе

Тайпалардың этникалық территориясын, этногеографиясы мәселесін қаузағанда, алдымен сол тайпалардың шаруашылықты жүргізу ерекшеліктерін ескеру қажет. Қазақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігі мал шаруашылығымен байланысты өтті. Қазақ халқының үш жүзге бөлінуінің өзі алдымен экономикалық себептерге байланысты болғандығын ескермекке болмайды, үш жүздік аймақ қазақ тайпаларының қыстаудан көктеуге, одан жайлауға, күздеуге көшуіне, әр тайпалық бірлестіктердің жайылымдық жерлерді иеленуіне байланысты қалыптасты. Қазақ халқын құраған ру-тайпалардың мерзімдік қоныс иемденуі, мерзімдік қонысқа көшіп-қонуды ұйымдастыру, тарихи дәуірлердегі шаңырақ саны жайындағы алғашқы жазба деректерді сараптау Қазақстанның этникалық тарихы үшін аса маңызды. Ру-тайпалардың таңбаларының қалыптасуы, ұран иемдену тарихы, олардың мән-мағынасы этногенеалогия ғылымындағы аса күрделі мәселе. Шу-Иле, Талас өзені

аңғарындағы мерзімдік қоныстарды иемденудегі жекелеген ру-тайпалардың «атақоныс» жүйесі «локальды этнография» немесе «аймақтық этнография» бағытында әлі толық зерттелмеген. Шу-Іле, Талас аңғарының кең байтақ жерінің ежелден Ұлы жүздің Дулат, Жалайыр, Шапырашты, Ысты, Сарыүйсін руларының атақонысы екені анық, дегенмен әр рудың өз қыстау, жайлаулары болды. Тарихи демография, тарихи географиялық тұрғыдан атақоныс, мерзімдік қоныс бөлісу аса күрделі мәселе болғандықтан, бұл зерттеуде Шу және Талас өзендерінің төменгі ағысы бойындағы, Шу төменгі ағысы мен Іле аралығындағы тек Дулат тайпасын жеке қарастыру көзделген.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу нысанының хронологиялық шеңберіне сай деректік қорын алғашқы жазба деректер құрайды. Дулат тайпасының қазақ халқы пайда болғаннан кейінгі шежіресін Н.А. Аристов Дулат-Ботбай Диқанбай батырдан жазып алып, ғылыми айналымға ендірген (Аристов, 1894). XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бас кезінде Дулаттардың орналасуы жайында маңызды құжаттардың бірі Орынбор әскери губернаторы Г. Волконскийдің дерегі. 1803 жылы Орынбор әскери губернаторы Г.С. Волконскийдің Коммерция министрі Н.П. Румянцевке жазған ақпараттық хатында қазақ ру-тайпаларының қоныстары, саны берілген. Г.С. Волконскийге ағаман (старшын – авт.) Көбек Шүкірәліұлы мен Қазан татары Ғали Шахмұратов (аудармашы, тілмаш болуы мүмкін – авт.) Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз қазақтарының қоныстануы, көші-қон аймағы жайындағы дерек дайындап, оны жинақтауға өздеріне қарасты руды жақсы білетін ру ақсалдары қатысқан. Г. Волконский деректерінде Үш жүздік құрылымдарды сипаттау барысында, Ұлы жүз бен Орта жүз құрамындағы ру-тайпаларды толық қамтымауы олардың Орынбор өлкесінен қашықта болуымен байланысты болуы керек. Мысалы, Ұлы жүзден Дулат, Сіргелі, Үйсін, Сарыүйсін, Жалайыр, Шанышқылы, Қаңлы руларын баяндап, Шапырашты, Албан, Суан, Ысты, Ошақты руларының аталмауына түсінік бермейді. Оның үстіне Сіргелі, Сарыүйсін, Жалайыр, Қаңлы, Шанышқылы руларының Бұқара, Ташкент көпестерімен сауда қатынасын атап, олардың қазақ жеріндегі атақонысы Жетісу өлкесін айналып өтеді. Г. Волконский жинаған 6 парақтан тұратын қазақ тайпалары жайлы бұл мәлімет аталған рулардың көшу бағыттары мен қоныстары жайында дерек беретін, ғылым үшін маңызы зор бұл құжат «Материалы по истории Казахской ССР» құжаттар жинағына енген (Материалы по истории Казахской ССР (1785–1825 гг.), 1940: 514–516). Қазіргі кезеңде, әсіресе байырғы көші-қон бағытынан дерек беретін информанттардың азайған тұсында, осындай құжаттардың маңызы арта түседі.

Әулиеата және Черняев уездері Дулаттарының қоныстары мен саны жөнінде маңызды мәліметтерді алуға алғашқы ауыл шаруашылығы санағының «Материалы по киргизскому землепользованию» (бұдан әрі – МКЗ) атты санақ кітабы парақтары негіз болады. Статистикалық партияның аталған екі уезд аумағындағы ауыл шаруашылығына негізделген санағы Шу өзені және Талас өзенінің төменгі ағысы аңғарында 1906–1909 жылдар аралығында жүргізіліп, нәтижесі өңделіп 1911 жылы (МКЗ, 1911), одан кейін 1913 жылы жүргізіліп, нәтижесі өңделіп 1915 жылы (МКЗ, 1915) жарияланды. Шу мен Іле өзені аралығындағы Дулат тайпасының мерзімдік қоныстарын нақтылауға «Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области» атты санақ кітаптары негіз болды, ал Лепсі уезіндегі Дулат қоныстары салыстырмалы қаралды (Материалы по обследованию..., 1911; 1913).

Біз зерттеу нысанына алып отырған Шу-Іле өзені аңғарында қоныстанған ру-тайпалардың тарихи-демографиясына нақты статистикалық дереккөз болатын алғашқы ауылшаруашылығы санақ кітабы дәстүрлі қазақ ауылдарының этноэкономикалық моделіне тарихи реконструкция жасауға мүмкіндік береді. Қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығын ұйымдастыруды этноэкономикалық, этноэкологиялық әдістерді кіріктіре отырып талдау, тарихи-этнология ғылымында жаңа көзқарастар қалыптастырады. Алғашқы жазба деректер дәстүрлі қазақ қоғамындағы мерзімдік қоныс иемденуін, қыстаулық қоныс атауларын нақтылауды тарихи-географиялық сараптауға негіз болады. Шу-Іле аңғарындағы Дулаттар

басым тұратын ауылдарға далалық этнографиялық зерттеулер Еспе, Акқайнар, Мәтібұлақ, Бөрішолақ, Қарабастау, Қараарша елді мекендерін қамтыды. Этнографиялық далалық зерттеу әдістері арқылы алғашқы ауыл шаруашылығы санақ кітабында тіркелген мерзімдік қоныстардың қазіргі таңдағы қолданысына далалық сараптау жасалды. Шу-Іле аңғарындағы Дулат тайпасы қоныстарын Талас аңғары Дулаттарымен бірге қарастыру біртұтас тарихи-этнографиялық тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Дулат тайпасының ұраны мен таңбасы нақында

Дулаттар жалпы «Бақтияр» ұранын, одан тараған Сиқымдар ұрыста – «Сиқым», бәйгеде – «Рысбек»; Ботбайлар ұрыста – «Ботбай», бәйгеде – «Сәмен»; Шымырлар ұрыста – «Шымыр», бәйгеде – «Қойгелді»; Жаныстар ұрыста – «Жаныс», бәйгеде – «Төле» ұрандарын иемденген (Аристов, 1894: 408; Гродеков, 1889: 3, приложение №1). Н.И. Гродеков Сиқымдардың «Қызел» деген тағы бір ұранды қосымша қолданғанын айтады. Шежірелік деректер Сиқым руының кей аталарының өз ұраны болғанын айғақтайды. Сондай-ақ, Н.И. Гродеков Сиқымның Борас атасының ұраны да Рысбек, Тоғатай атасының ұраны *Босмойын* деп көрсетеді (Гродеков, 1889: 3, Приложение № 1). Н.А. Аристов те Н.И. Гродеков еңбегінде аталатын ру ұрандарының ішінен *Тоғатайлардың ұраны Босмойын* екендігін нақтылай отырып, басқа ұрандар жөнінде дәлел таппағанын да айтып өтеді (Аристов, 1897: 409). Сиқымның Қусирақ тармағынан шыққан батыр Арыстан Шынасылұлы осы рудың жасағына жетекшілік еткен. Ол «*Жаубасар*» деген ұранмен сарбаздарын жаудың топтасқан жеріне талай рет бастап кіреді. Осы ерлігі үшін қазақ батырлары оны өз арасында «Жаубасар» деп атап кетеді (Дәуітбеков, 2006: 640). Далалық зерттеу кезінде руы Дулат көнекөз қариялар ортақ ұранына сәйкес «бәріміз бір Бақтиярдың баласымыз» деп айтатыны тіркелді.

Қазақ шежіресін ғылыми тұрғыдан зерттеген М. Тынышпаев та Сиқымдардың ұраны екеу – «*Сиқым*», «*Рысбек*» дейді. Рысбек батыр XVIII ғ. аяғы – XIX ғ. басында өмір сүргендігін атап өтеді (Тынышпаев, 1925: 28).

Тек Дулаттарға ғана емес, аты Ұлы жүзге ортақ ұранға айналған *Бақтияр* шамамен XIII ғасырда өмір сүрген батыр, шешен, рубасы, әулие. Н.А. Аристов өзінің белгілі еңбегіне қолданған Дулат тайпасындағы Ботбай руының биі, 1876 жылы қайтыс болған Діқанбай батыр құрастырған Ұлы жүз тайпаларының шежіресі Бақтияр бабаның таралу тегін анықтауға негіз болады (Аристов, 1897: 394–396). Әбілқайыр → Байшора → Жұман бай → Кейкі би → Төбе би → Майқы → *Бақтияр* → Үйсін → Ақсақал → Қараша би → Бәйдібек → Сарыүйсін → Жарықшақ → *Дулат*.

Ұран халықты, жеке адамды жеңіске, ерлікке шақырған, жауға қарсы шапқанда жігерлендірген, ерекше рух берген. Ру ұраны ретінде әдетте халықтың немесе тайпаның аса құрмет тұтатын ата-бабасының, киелі анасының немесе дүйім ру табынатын тұлғаның есімі алынған. Бір рудың ұраны болған батырдан соң, уақыт өте келе әлдеқайда беделді тағы бір атақты батыр шықса, жаңа батырдың есімі бірте-бірте ұранға айналады да, бұрынғы ұран-есім ұмытыла бастайды. Көптеген деректерде қазақ ру-тайпалары ұрандарының бірнеше болып кездесуін ескі рулық ұрандардың әлі де ұмытылмағандығымен және де жаңа ұрандардың қатар қолданылуымен түсіндіреміз. Дулат тайпасындағы Сиқым, Жаныс, Ботбай, Шымыр руларында екі ұранның көрсетілуі осының айғағы. Аты ұранға айналған ата-бабасының аруағына сыйыну, олардан қосымша күш-қуат сұрау ұрандатушыларға тән қасиет болған.

Сиқым руының ұранына айналған Рысбек батыр шежіре деректері бойынша Шінет батырдың екі ұлының бірі. Сиқым Шінет батыр қалмақ шапқыншылығы дәуірінде өмір сүрген. XVI ғасырдың ортасында қалмақтар жаулап алғаннан кейін Шінет батыр Ташкентті басқарған. Н.И. Гродеков Сұлтан бидің айтуы бойынша деп мынадай мәлімет келтіреді: «Қалмақтар қазақтарды Сырдариядан ары асырып, Бұқараға қарай қуғанда, атақты төрт батыр Төле, Қойгелді, Шінет және Сәмен жасақ жиып, жауды атамекенінен қуады. Сөйтіп, қазіргі отырған қоныстарын азат етеді» (Аристов, 1897: 408; Гродеков, 1889: 3). Осындай мәлімет Н.А. Аристовта да кездеседі. Сиқым Шінет батыр 1652 жылы Орбұлақ соғысында Жәңгір


ханның қосынында Ботбай Дәнен, Бөгежіл Жақсығұл, Шегір Ақпан батырлармен бірге шайқасады.

Жоңғар шапқыншылығы кезінде 1724 жылы Түркістан қаласы үшін ауыр шайқас болғаны да тарихтан белгілі. Түркістан қаласын жоңғарлардан қорғауға Сиқым Рысбек, Босмойын батырлар, Шымыр Қойгелді батырлармен бірге, Сіргеліден Елшібек батыр бастаған қосын басты әскер күшіне қосылды. М. Тынышбаевқа сүйенсек: Жоңғар қазақ соғысы кезінде Түркістан мен оның айналасындағы кенттердің билеушісі Әбілқайыр мен Жолбарыс, Болат хандардың әскері орналасқан ставкасы Боралдай мен Қошқарата өзендерінің бас жағындағы Арқарлы тауында, «Үлкен орда қонған», «Кіші орда қонған» деген жерлерде болды. Жоңғарлармен күресте 1726 жылы жеңіске жеткен Бұланты шайқасы, онан соң Қаратаудағы Ұзынбұлақ, Қостұра шайқастары, Аңырақай шайқасындағы жеңіске бастады. Дулат батырлары, атап айтқанда Сиқым Шағыр батыр, Бөкей батыр, Рысбек батырлар, Шымыр Қошқар батыр, Жаныс Өтеген батыр, Ниязбек батырлар, Шымыр Қойгелді, оның інілері Ақша мен Қожық батырлармен бірге, Сіргелі тайпасынан Елшібек, Есіркеп, Тоғанас, Тілеуке (Қара Тілек) батырлар атақонысы Шу, Талас, Қаратауды қорғап қалу үшін аянбай күресті. Шешуші ұрыс Қаратаудың биік сеңгірі Қостұра (Үлкен Тұра мен Кіші Тұра) тауларының етегінде болды (Тынышпаев, 1925: 65).

Дулаттардың атақонысы Қаратау мен Талас, Шу, Асы өңірін азат ету үшін Дулат тайпасының батырлары жауды тықсыра қуады. Жоңғарлар Қаратау – Таласты тастап қашып, Шу өзені бойына қарай шегінуге мәжбүр болды. Қол бастаған батырлардың тықсыруымен жоңғарлар Балқашқа қарай ығыстырылған. Аңырақайда өткен 1729 жылғы ерлікке толы «аламан шайқастағы» Сиқым Рысбек батыр, Жаныс Өтеген батыр, Ботбай Сәмен батыр, Шымыр Қойгелді, Ақша, Қожық батырлардың ерлігі ұрпақтан ұрпаққа аңыз болып таралды. Осы шайқастардан соң-ақ жоңғар қалмақтарының Ташкент маңындағы өктемдігі жойылған. Шу, Талас пен Алатау арқылы жоңғар қалмақтардың тау асып қашуына орай Алатау тауының жалпы саны он үш асуы Қалмақ асуы деп аталады (Никонов, 1978: 102). Сиқым Рысбек батыр Ташкент үшін шайқастан кейін Боралдай өзенінің жоғарғы жағын иеленеді. Ол жер – *«Рысбектің ақ тасы»* деп аталып кетеді (Тынышпаев, 1925: 65–66).

Таңба – қазақты құраған тайпалардың өзіндік белгісін білдіретін ерекше белгі, рәміз, мөр ретінде саналады. Рулық таңба – рулық меншік белгісі. Түркі, монғол халықтарында мал иелігін, хан жарлығын, білдіретін белгі «таңба» деп аталған. Қазақ даласында таңба ерте кезден түркілер арасында қолданыста болған, оны ежелгі заманнан бүгінге жеткен Қазақстанның әр түкпірінде сақталған жартастар мен үңгірлердегі, өзен аңғарларындағы малта тастар мен балбалдарға, ескі қорымдардағы құлпытастарға шекіліп салынған түрлі таңбалар айғақтайды.

Таңба әр рудың шыққан тегіне, туыстық, жақындық жағдайына қарай қалыптасқан. Дулат руының таңбасының бейнесі  – дөңгелек, атауы – *«күн таңба»*. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында *«дөңгелек»* таңбасы шарды, шексіздікті білдіреді. *«Күн таңба»* атануы исламға дейінгі ерте түркілердің дүниетанымымен байланысты. Ерте дәуірде күннің қараңғылықтан, қараңғылық үрейден, тылсым, зұлым рухтардан қорғайтын қасиетті күші бар деп танылды. Көне дүниетаным бойынша күн мен от бір-бірімен тығыз байланысты. Күн мен оттың жарық беретін, жылу беретін қасиеттері ортақ. Күн де от тәрізді өртеніп тұрады.  таңбаның келесі атауы *«шөміш»*, ол молшылықты білдіреді. М. Тынышпаев дерегінде Дулаттардың  күн таңбасы екі жартыдан тұратын *«абақ»* таңбасы ретінде сипатталады. Екі жартыға бөлінген таңбаның да ертеден атадан бабаға мирас болғандығын Талас өзені бойынан және Жайсаң ғибадатханасынан табылған Дулат таңбалары қашалған тастар нақтылайды (Досымбаева, 2012: 26–27; Сурет 1).



Сурет 1. Талас өзені алқабынан табылған рулар таңбасы қашалған тас (Досымбаева, 2012: 27).
[Fig. 1 – A stone with engraved tribal tamgas discovered in the Talas River valley (Dosymbaeva, 2012: 27)].

Сиқым, Ботбай, Шымыр руларының таңбаларының негізінде  дөңгелектің, «күн таңбаның» белгіленуі олардың Дулаттан тарағандығымен байланысты. Дулаттан тараған рулар таңбасына түсірілген, құлақ немесе сызығына, ойығына қарай қазақы ортада *құлақты шөміш, сапты шөміш, сынық шөміш* деген атауға да ие.

Дулаттан тараған аталар *Сиқым* – таңбасы  – күн таңба,  – бұрыш,  – көсеу, әліп; *Ботбай* – таңбасы – ; ,  – күн таңба; *Шымыр* – таңбасы , , , ,  – айшық, жарты дөңгелек, сынық шөміш, *Жаныс* – ,  – бұрыш, ілмек (Арғынбаев, Мұқанов, Востров, 2000: 42–57).

Күн таңбаға құлақ, қос құлақ, тік құлақ, үш құлақ саптың орнатылуы өркендеу, өсу, ұрпақ өрбіту идеясымен байланысты.


Сиқым руының негізгі  – күн таңбасымен қатар,  – бұрыш,  – көсеу, әліп таңбаларының қосарлана жүруі, шежіретанушылардың пікірінше кірме рулардың сіңуімен байланысты. Н.И. Гродеков ,  таңбаларының атауын «кезентаңба» деп бергенімен, бұлай атануына түсінік бермейді (Гродеков, 1889: Приложение № 1). Шымырдың «айшық» таңбаны иемденуінің де негізі арғы ата-бабаларының, ерте түркілік дәуірдегі сенімдерімен байланысты. «Күн» мен «Ай» аспан әлемінің денелері ретінде көне түркілердің дүниетанымынан берік орын алды. Қазақ даласында көшпелі мал шаруашылығының дамуына байланысты ай мен жұлдыздарға табыну қола дәуірінде қалыптасты. Ай мен жұлдыз түнде адамға серік болған, сәуле шашқан, көшкенде соларға қарап бағыт-бағдар ұстанған. «Айшық» бейнесі қазақтардың космогониялық түсінігінде көктегі кеңістікті білдірді. Ислам дінінің де басты символы – «айшық». Жаныстар иемденген «ілмек» таңбасы босағаның беріктігін меңзейді. Түрік қағандығы дәуірінде Шығыс түріктер «ілмек» бейнесі таңбасын қолданғанын Шу аңғарындағы Жайсаң ғибадатханасы петроглифтері айғақтайды. Дулатпен туыс, Албан

таңбасы – , ; Суан таңбасы – , ,  да күн таңба, дөңгелек, шөміш те, айырмашылықтары таңба бейнесіне саптың орнатылуында. Бұл рулардың барлығының таңбасында ортақ дөңгелек бейнесінің болуы, олардың түп атасының бір болуымен байланысты. Дулат және онымен туыс албан, суандардың таңбасын салыстырмалы талдауға С. Аманжолов, Н. Мыңжан еңбектерінің де маңызы зор (Аманжолов, 1959: 11–14; Мыңжан, 1993: 42–45; Кесте 1).

Кесте 1 – Дулат тайпасы және албан, суандардың таңбалары
[Table 1-Dulat tribe and Albanian, symbols of the suans]

Ру тайпалар	М. Гродков мәліметтері (1889 ж.)	М. Тынышпаев мәліметтері (1925 ж.)	С. Аманжолов мәліметтері (1959 ж.)	Н. Мыңжан мәліметтері (1987 ж.)	Х. Арғынбаев М. Мұқанов В. Востров мәліметтері (2000 ж.)
Дулат	○	⊞	○	○	○
Сиқым	⊞, I, ♀	I, ⊞, ♀	I L ♀	♀ L I	♀ I L
Жаныс	➤	➤	➤	➤ ➤	➤
Ботбай	♀	♀	♀♀	♀ ♀	♀♀♀
Шымыр	⚡	⚡	⚡	⚡	⚡⚡⚡
Албан	♀	♂	♀	♀♂	♀
Суан	♀	♂	♂	♂	♂

Моңғолиядағы Рашан-хад таңбалы тасына қашалған ерте түркілік кезеңге жататын дөңгелек, күн таңба, айшық, шөміш, бұрыш, ілмек секілді 300-ге жуық таңба олардың түркі тайпаларына ортақ белгілер жүйесіне тән екендігін көрсетеді. Бір бейнелі таңбаны екі тайпаның қатар иемденуі олардың ортақ генологиясымен немесе қатар көшіп қонуымен байланысты (Сурет 2).



Сурет 2. 300 таңба қашалған Рашан-хад (Монғолия) тасы. Далалық зерттеу аясындағы іс-сапар. Шыңғыс хан музейі. Ұлан-Батор. Т. Картаева фотосы. 2023.

[Fig. 2 – A tamga stone from Rashan Khad (Mongolia) with 300 engraved symbols. Field research trip. Chinggis Khan Museum. Ulaanbaatar. Photo by T. Kartayeva. 2023].

Шежіре деректері бойынша Үйсін Бәйдібектің Домалақ анадан (Нұрила) туылған Жарықшақ ұрпағынан Албан, Суан, Дулат болып тараған. Ал, Дулаттан Сиқым, Ботбай, Шымыр, Жаныс тарап, әрқайсысы бөлек руды құрады. Сиқым Дулаттың үлкені, Дулаттан тараған ұрпақтар дастархан басына жиналғанда бас Сиқымға тартылады.

Сиқымның жолы үлкен той бастаған

Ботбайдың батыры көп қол бастаған.

Қарақойлы, Аққойлы, Қусирақтар

Сиқымның ұрпақтары тұқым шашқан (Өзірбаев, 2008: 54).

Шежіре деректері бойынша Үйсін Бәйдібектің үшінші әйелі Домалақ анадан (Нұрилла) Жарықшақ туады. Жарықшақтан Албан, Суан, Дулат болып тараған. Ал, Дулаттан Ботбай, Шымыр, Сиқым, Жаныс тарап, әрқайсысы бөлек руды құрады (Аристов, 1894: 395–396). 1913 жылы Әулиеата уезінде жүргізілген ауылшаруашылық санағы кезінде статистер Ағашық болыстығының 6-шы әкімшілік ауыл молдасы Тыналі Атыкеннен және 7-ші әкімшілік ауыл молдасы Талқанбай Дайрабайдан Дулат тайпасының шежіресін жазып алып, статистикалық жинақта жариялады (МКЗ., 1915. Приложение).

Мерзімдік қоныс иеленуі

1785–1786 жылдары жүргізілген Орынбор экспедициясының құрамында болған швед ғалымы Иоганн Готлиб Георги «Ұлы жүз қазақтары Ташкент маңында, Сырдария өзенінің жоғарғы ағысы бойында Түркістан өңірінде көшіп-қонады», - деп көрсеткен (Георги, 1799: 116, 136). И.Г. Георгидің экспедициялық материалдары қазақ халқының өткені үшін аса құнды дерек көзі саналады, алайда экспедицияның Жетісу өңірінен шалғай аумақта жүргізілуіне байланысты Ұлы жүз тайпаларының негізгі қоныстану аймағы ретінде Жетісу аталмайды.

А.И. Левшин бойынша XIX ғ. бас кезінде Ұлы жүзде 100 000 шаңырақ, бір отбасында орта есеппен 5–6 адамнан болды десек, барлығы шамамен 500–600 мың адам болған. А.И. Левшин Ұлы жүз тайпаларының көші-қон ареалын Шу, Талас, Іле, Көксу, Қаратал, Шыршық, Сырдария, Сарысу өзендері, Қара, Ала, Алсу көлдері, Құлжа, Қашқар, Ташкент, Түркістан қалалары, Қаратау, Тарбағатай, Шыңғыс тауы, Жетіөзен сайы, - деп көрсеткен (Левшин, 1832: Ч.3: 4).

1908 жылғы Түркістан әскери округінің әскери-статистикалық мәліметі бойынша тек Жетісу өңірінде Ұлы жүзден Үйсіндер – 397 000, Сарыүйсіндер – 10 000, Албандар – 82 000, Суандар – 22000, Дулаттар – 104 000, Шапыраштылар – 51 000, Ыстылар – 11600, Қыстықтар – 9500, Қаңлылар – 18 000, Жалайырлар – 86 900 адам болған (Военно-статистическое описание Туркестанского военного округа, 1910: 80).

В.В. Радлов болса, Ұлы жүз тайпаларының Ташкент, Шымкент, Әулиеата, Түркістан өңірін, Шу өзені бойын мекендейтіндігін көрсеткен (Радлов, 1880: 65–66). Ипполит Завалишин Ұлы жүз тайпаларының қонысы ретінде Тянь-Шань тауларының солтүстік-батыс сілімдерінен бастап Балқаш және Іле өзендерінің аңғары аймағын атаған (Завалишин, 1867: 42).

Жетісу өңіріндегі Ұлы жүздердің ру-тайпалық құрамы мен қоныстануына қатысты Н.А. Абрамовтың географиялық, статистикалық тіркеулерінің маңызы зор (Абрамов, 1867: 269–278).

XX ғасырдың бас кезіндегі ауыл шаруашылығы санағы кітаптарының деректеріне сүйенсек, оңтүстік-шығыста Верный уезін Дулаттар Шапырашты (Айқым, Шібіл, Асыл, Екей, Есқожа, Төретұқымы рулары), Ысты (Ойық руы), Жалайыр (Байшегір, Андас рулары), Албан (Қызылбөрік, Сегізсары рулары), Қаңлы және Сарыүйсін тайпаларымен; Әулиеата уезін Дулаттар Шапырашты, Сіргелі, Ысты, Ошақты, Жалайыр, Ойық, Сарыүйсін, Қатаған-Шанышқылы тайпаларымен бөлісті (МКЗ., 1911, 1915; Материалы по обследованию, Верненский уезд, 1913). Ал оңтүстікте Шымкент уезін Дулаттар Ысты, Ойық, Ошақты руларымен, яғни Сырдария, Арыс өзендерінің бойына, Қаратауға, Мойынқұмға т.б. жерлерге қоныстанды. Шымкент уезі, Ақсуда – Жаныс, Шымыр, Сиқым, Сарыүйсіндер, Ботбайлар; Боролдайда - Сиқым, Шымырлар, Қарабұлақта – Сиқым, Шанышқылы, Сіргелі, Шымырлар, Қарамұртта – Сиқым, Албан, Шапырашты, Қаңлы, Ысты, Ботбай, Ошақты, Сіргелі, Қазықұртта – Жаныс, Албан, Сиқым, Ысты, Майлықентте - Шымыр, Қаңлы, Шанышқылы, Жаныс, Ботбайлар, Жаныста – Жаныстар, Шымырлар, Сіргелілер қоныстанды (Гродеков, 1889. 17–20).

Ұлы жүздің оңтүстік-шығыс өңіріндегі ауылдары көшпелі және жартылай көшпелі ауылды құрады. XIX–XX ғасырдың бас кезіндегі статистикалық құжаттарға тіркелген Дулат

қыстаулары, яғни тұрақты қысқы мерзімдік қоныс олардың осы жерді ерте түркілік кезеңнен иемденгенін дәлелдейді.

Демограф ғалымдардың пайымдауынша XIX–XX ғасырдың бас кезінде санақ халықтың 10%-ын қамтымаған. Дегенмен де қолда бар санақ мәліметтері сол уақыттағы ру-тайпалардың санын есепке алуға маңызды мәлімет болады.

ҚР ОМА-да сақталған «Начальник Алатавского округа» атты қор құжатында берілген: «1860–1880 жылдары Дулаттардың жалпы саны 18682 шаңырақты құраса, Ботбай руының 78%-ы Верный мен Әулиеата уездерінде, 49%-ы Шымкент уезінде, Сикым руының 75%-ы Шымкент уезінде, 25%-ы Верный және Әулиеата уездерінде, Жаныс руының 83%-ы Шымкент уезінде, 17%-ы Верный мен Әулиеата уездерінде қоныстанды», - деген статистикалық мәліметті ғылыми өңдесек, XX ғасырдың бас кезінде Дулаттардың жалпы саны шамамен 37677 шаңырақты құраған. (ҚР ОМА. И-3 қ. 1-т. 545 іс. 404–405 пп).

Н. Абрамовтың жазбасындағы Алматы өңірі Дулат тайпасының қоныстары географиялық локацияда Шу-Іле аралығына саяды. Н. Абрамов жазбасы келесідей статистикалық дерек береді: «Алматы аңғарында Қарақойлылар – 150, Аққойлылар – 180, Қусирақтар – 215, Шуылдақ – 25 шаңырақ». Н. Абрамов барлығы 570 шаңырақты көрсеткен, егер орта есеппен бір отбасында шамамен 7 адам десек 3990 адам болады. Н. Абрамов сондай-ақ: «Қарақойлылар – Тоғай, Борас; Аққойлылар – Елубай, Сарлыбай, Қаржау, Қайқы, Төле, Болат; Қусирақтар – Кезек, Бақтыбай ру тармақтарына бөлінеді. Дулаттың Ботбай, Шымыр, Жаныс рулары Алматы мен Ташкент аралығында, Іле өзенінің оң жақ беті, Қопалға дейінгі аралықта көшіп қонады. Бұл Дулаттардың жалпы саны 6672 шаңырақ. Сикым руының қыстау, жайлаулары Түрген өзенінің бойындағы шатқал, сайларда, Есік, Талғар, Белбұлақ, Қотырбұлақ, Алматы, Қаскелең, Қарғалы, Шамалған, Ұзанағаш, Қарақастекті алып жатты. Сикым руының би, сұлтаны Сұлтанбек Жаңғыров», - деген дерек ұсынады (Абрамов, 1867: 267–268).

Бас штабтың генерал-лейтенанты Л. Мейер басшылығымен жиналған дерек бойынша 1860 жылдары Қаратаудың батысы және Түркістаннан Әулиеатаға дейінгі аралықта Қыпшақ, Дулат, Қоңыраттарды қосқанда шамамен 80000 шаңырақ көшіп-қонған. Зерттеушілер бұл өңірдегі көшпелі қазақтарды бір отбасына 4 адамнан есептеп, орта есеппен, шамамен 320000 адам көшіп жүрген, деген мәлімет ұсынады (Мейер, 1865: 276).

1867–1868 жылдардағы Қазақ жерін басқару Ережелеріне орай қалыптасқан әкімшілік бөлініс бойынша құрылған болыстарда Дулат тайпасы қоныстанған ауылдардан біріккен болыстар Дулат руларының атымен аталды.

Жетісу облысының Токмақ уезінде Дулат, Сикым, Жаныс, Қоралас руларының атымен болыс құрылған. Түркістан статистикалық комитетінің санауы бойынша Дулат болысында 1870 жылы 1341 шаңырақ, Сикым болысында 818 шаңырақ болған (Монастырский, 1872: 146).

Ал, Түркістан статистикалық комитеті 1870 жылы Әулиеата уезінде тек Дулат тайпасының руларынан құрылған болыстардағы Дулат-тұрғындардың саны мен шаруашылығына қатысты «Ботбай болысында – 2163 шаңырақ, 10815 тұрғын; Жаныс болысында 1614 шаңырақ, 8070 тұрғын; Қоралас болысында – 1036 шаңырақ, 5175 тұрғын; Сикым болысында – 1665 шаңырақ, 8325 тұрғын; Шымыр болысында 1671 шаңырақ, 8355 тұрғын» - деген мәлімет береді (Логинов, 1872: 82–92). Осы статистикалық санақ кітабында көрсетілген Дулат ауылдарының мал санының есебіне қарап, Дулаттардың ауылы бай шаруашылықты құраған деуге толық негіз бар.

1868 жылғы Қазақ жерін басқару Ережесінен кейін Шу, Талас аңғары қазақтары Сырдария облысының Әулиеата уезі мен Черняев уезіне бірікті.

Кесте 2. Шу-Талас аңғары қазақтарының шаңырақ саны, 1913 жыл.
[Table 2.number of shanyrak Kazakhs of the Shu-Talas Valley, 1913.]

Рулар	Әулиеата Уезі	Черняев Уезі	Барлығы
Ұлы жүз	7385	114	7499
Орта жүз	626	201	827

Кіші жүз	-	1293	1293
Төре, төлеңгіт	-	45	45
Барлығы	8011	1653	9664

Статистикалық партияның 1913 жылы жүргізген санағы бойынша Әулиеата уезінде Ұлы жүз – 7385, Орта жүз – 626, барлығы 8011 шаңырақ тіркелген; Черняев уезінде Ұлы жүз – 114, Орта жүз – 201, Кіші жүз – 1293, Төре, Төлеңгіттер – 45, барлығы – 1653 шаңырақ тіркелген, екі уезді қоса есептесек Шу мен Талас аңғарында 1913 жылы Ұлы жүз – 7499, Орта жүз – 827, Кіші жүз – 1293, барлығы – 9664 шаңырақ болған (МКЗ, 1915: 13)

Әулиеата уезінің Ұлы жүз қазақтарының қоныстары Шу өзенінің сол жақ беті мен Талас өзенінің төменгі ағысы бойындағы Асы, Аққолтық, Ұйық, Ошақты болыстарын, Шу өзенінің оң жақ бетіндегі Шу болысын, Шу өзенінің шығыс бетіндегі Черняев уезінде Қаракөл, Жаныс, Жылыбұлақ болыстарын алып жатты. Орта жүз қазақтары Сарыөзек, Қаратау, Құршу, Арғын болыстарында қоныстанды. Ал, Шу өзенінің төменгі ағысы бойында Черняев уезінің Шу, Құршу болыстарында Кіші жүз қазақтары қыстаулық қоныс иемденді. Шу, Талас қазақтарының рулар бойынша шаңырақ саны көрсеткіштері келесідей: «Ұлы жүзден Дулат – 2457, Ойық – 1835, Ошақты – 1663, Жалайыр – 734, Шапырашты – 368, Сарыүйсін – 328, Тілік, Ойсыл, Сіргелілер – 114; Орта жүзден Арғын – 700, Қоңырат – 127 шаңырақ; Кіші жүзден Тама – 1135, Шеркеш пен Жағалбайлылар – 158 шаңырақ. Әулиеата мен Черняев уездерінің шекарасында, Шу өзені бойындағы Жылыбұлақ болысына қарасты Бескепе елді мекенінде 45 шаңырақ Төре, Төлеңгіттер отырады, олардың арасында қырғыздар мен қалмақтар да бар» (МКЗ, 1915: 14). Статистикалық партия алғашқы санақты ру-тайпа бойынша жүргізуі, сол кезеңде қазақ ауылдарының рулық құрылымға негізделіп құрылуымен байланысты. Статистикалық партия жазбасындағы Шу-Талас аңғарының ру-тайпалық атласы біз зерттеп отырған Дулат тайпасының басқа ру-тайпалармен аралас отырғандығын айғақтайды. Статистар ауыл шаруашылығын жүргізе отырып, ауыл ақсақалдарының «жеті ата шежіре тарқату» мәдениетін жазып алып, оны санақ парағына енгізген, олар қазақ ақсақалдарының генеалогиялық тегін тарқатуына тәнті болғандарын ашық жазған (МКЗ, 1915: 21). Әулиеата уезінің Шу болысы 1905 жылға дейін Семей облысының Қарқаралы уезіне қараған. Шу болысында Жалайырлардың қоныстануына орай Ұлы жүздің басқа тайпаларымен одақтас болуы, мерзімдік қоныстарының жақын болуы, әрі Шу өзенінің Қарқара уезінен шалғайда 550 шақырым жерде болуымен себепті Әулиеата уезіне қосады (МКЗ, 1915: 21).

XIX ғасырда Дулаттардың басым бөлігі Шу-Іле аңғарындағы *Қапал уезінде* қоныстанған. Олардың этникалық құрамы жөнінде тағы да 1870 жылғы Түркістан статистикалық комитеті мәліметіне жүгінеміз: «Жаныс-Балсай болысында Жаныс руының Қозымбек, Шебентай, Өтеген, Қайқон, Тонат, Ақ-Мәмбет, Сүгір-Базар, Келді, Өтеміс, Тұшыр, Жолсейіт аталарынан тараған ұрпақтар қоныстанған; Жаныс-Қарасай болысында Жаныс руының Жолсай-Құдайкөл, Қарақойлы, Қыбрай, Қапал аталары; Ботбай руынан Жанқұйрық, Жылқыайдар, Өтешал, Сұлтан, Келдібұйкентақ, Тоғыз аталары; Ботбай-Шымыр болысында Ботбай руының Шағатай, Сиыршы, Бесторсық, Дода, Байдос-Тілеуқабыл аталары; Шымыр руынан Күнту, Сәнбет, Бестерке, Қайлам, Шынқожа, Байтоқа, Шоқай, Көкірек, Қалжа аталары; Қасқарау болысында ішінара Ботбай руының Қоралас атасы, Шымыр руының Күнту атасынан тарағандар; Сары-Таукұм болысында – Ботбайдың Сиыршы, Шақшам аталары, Шымыр руының Сәмбет, Күнту, Көкірек, Балтана аталарынан тарағандар мекендеген. Жоғарғы-Қаратал болысында – Жаныстан Күнту аталығы; Балғазы-Қайшылы болысында – Ботбай, Шымыр, Сиқым аталары; Оңтүстік-Балхаш бөлігі болысында – Жаныстар және Ботбайдан Қораластар; Төменгі-Қаратал болысында – Жаныс, Ботбайлар; Таулы-Жалайыр болысында – Жаныстар; Алтын-Емел болысында – Ботбайлар ішінара қоныстанды» (Волости Копалского уезда, 1872: 158–166).

Қапал уезіндегі Дулаттардың мерзімдік жайылымдарды пайдалану, қыстау, жайлаулық қоныстарды иемдену мәселесіне келер болсақ, олар көшудің «тік/вертикальды» бағытын ұстанып, тау етегін бойлай тік көшіп отырды, жайлауға тау етектерін, өзен, арықтардың бойын таңдады. Сиқым болысының Сиқымдары қыста Сарыбұлақ, Қарабұлақ, Оңғырлы, Шетіртөбе,

Әулиеқара, Кіндіктас, Жиделі арықтары бойында қыстап, жазда осы аталған су көздерінен алысқа ұзамаған. Егістік атыздары Шу өзенінен тартылған арықтар мен Кескенжар өзені бойында салынды. Қапалдағы Дулат болысындағы Дулаттар қыста Жамбыл тауы етегіндегі Сексеуіл шатқалы, Шаянтас, Сарыбұлақ, Шекмар, Қадыр өзендері бойында; Шу бойы, Иткешу тауы етегіндегі Сұңқар, Жиделі сайларында қыстап, жазда Шу өзенінен бастау алатын арық бойларына, атап айтқанда Арғын-Өткен, Бөлтірік-Өткен, Иткешу, Тезекбай-Шапқан аңғарларына көшкен. Олар арық бойларында егін салып, одан соң, Сүйектөбе жайлауына көшкен (Волости Копалского уезда, 1872: 174).

В.В. Радлов XIX ғасырдың ортасында Ұлы жүз тайпаларының Балхаш, Алатау, Ыстықкөл көлдері жағалауын, Әулиеата, Шымкент, Түркістан және Ташкентке дейінгі аймақта көшіп-қонып жүргендігін, соның ішінде Дулаттар Қытай шекарасынан Ыстықкөлге дейінгі аймақта, Сиқым руының негізгі дені Шымкент, Ботбай, Жаныс, Шымыр рулары мен Темір аталығы Әулиеата аймағында көшіп-қонып жүрген деп жазған (Радлов, 1989: 111). В.В. Радлов көрнекті әскери-шығыстанушы, тарихшы, саяхатшы генерал-лейтенант А. Макшеевтың 1868 жылғы зерттеулерін негізге ала отырып, Шымкент округінде Сиқымдар – 1600, Шымырлар – 1600, Жаныстар – 1600 шаңырақ; Әулиеата округінде Сиқымдар – 1500, Шымырлар – 3500, Жаныстар – 700, Қоралас – 1050, Ботбай – 1100 шаңырақ; Ташкент округінде – Дулаттар – 380; Верный округінде Дулаттар мен Шапыраштылар 12096 шаңырақ болған деген мәлімет береді (Радлов, 1989: 114).

Н.И. Гродеков Сырдария облысының әскери губернаторы қызметінде болған кезінде 1884 жылы жергілікті уезд басшыларына, билеріне халықтың саны, тұрмыс-тіршілігі жайында мәлімет жинауды тапсырады. Дерекке назар аударсақ, Сырдария облысындағы Дулат шаңырақтары бойынша: «1880 жылдары Ақтас болысында – 93 Сиқым; Ақсу болысында – 884 Жаныс, 139 Сиқым, 3 Ботбай; Боролдай болысында – 1053 Шымыр, 8 Сиқым; Қарабұлақ болысында – 1036 Сиқым, 128 Шымыр; Қарамұрт болысында – 1344 Сиқым, 20 Ботбай; Қазықұрт болысында – 1421 Жаныс, 50 Сиқым; Майлықент болысында – 1312 Шымыр, 50 Жаныс, 251 Ботбай; Шөл болысында – 900 Сиқым; Жаныс болысында – 603 Жаныс отбасы қоныстанған», – деген статистикалық мәлімет келтіреді (Гродеков, 1889: 19–20). Егер бір отбасында орта есеппен 6–7 адам есептесек, 1884 жылы бұл санаққа 3570 Сиқым отбасынан шамамен 24990 адам тіркелген.

XIX ғасырдың аяғында жүргізілген статистикалық зерттеулер бойынша 18682 шаңырақ Дулат Верный, Әулиеата, Шымкент, Ташкент уездерін мекендеген (Материалы по обследованию..., 1912; Материалы по обследованию..., 1911).

Верный уезінде Дулаттар Ұлы жүздің Албан, Ысты, Шапырашты, Жалайыр, Қаңлы руларының өкілдерімен аралас-құралас орналасты. Ботбай руының қауымдары Верный уезінің шығысы мен батысында, Аңырақай тауының атырабында Сұмса өзенінің бойындағы Айдарке, Бесқауға, Ақсеңгір, Долаңқара, Көлтоған, Қарағайлы, Сарыкемер, Ақсай, Қаскелең, Қоралы, Бескөл шатқалдарында, Белбұлақ, Қарасу, Көтенбай бұлақ бастарында қыстап, көктеу-күздеуді Қаскелең, Қарғайлы, Қараой, Бесқара шатқалдарында өткізіп, жазда Жасылкөл, Жая, Қаскелең, Үлкен Алматы, Қастек, Қарақастек, Берентүтүл жайлауларында көшіп-қонды.

Верный уезіндегі Сиқым руының қауымдары Қараой, Қызылеспе, Ақжар, Жалғыз ағаш, Қаскелең қыстауларында қыстап, көктемде Жаманкөл шатқалына, жазда Алатау, Тұйық тауы жондарына көтеріліп, ал күзде Үшарал шатқалына көшкен. Жаныс руынан тараған қауымдар болса Қарашеңгел, Көжентай шатқалын, Есік, Қарасу, Үлкен Алматы өзендері бойын, Ақши, Шамалған, Көктөбені, сондай-ақ Верный уезінің батыс шекарасын, Жамақты, Балажал, Сарықайық, Дөңгелексаз, Боқтозақ, Айғыржал, Шетенді, Күркіреу, Қордай, Қоянды, Ақтерек, Талдыбұлақ өзендері бойында қыстап, жаздықүні Алатау етегінің шабындықты аймақтарындағы жайлауларға қонды (Материалы по обследованию..., 1913).

Верный уезіндегі Дулаттар ауылдары қыстау-күздеулік жайылымдарды қыстау маңына жақын жерден пайдаланса, Дулаттардың кей ауылдары көктеу, күздеуді қыстауда өткізіп, екі мерзімді қонысты, яғни қыстау, жайлауды пайдаланды. Ауылдардың қыстаудан көшу

айырмашылықтары 2–3 күндей. Жетісудағы Дулаттардың қысқа қашықтыққа көшуі жартылай отырықшы мал шаруашылығымен айналысуымен және Жетісудың табиғатының жайлауға ыңғайлы болуымен байланысты. Далашық және Үшбұлақ жайлауларын Дулаттардың бірнеше ауылдары бірігіп пайдаланған. Верный уезіндегі Дулаттар XIX ғасырдың бірінші жартысына дейін Іле өзенінің төменгі ағысы бойында тұрған (Пантусов, 1899: 276).

Верный уезінің Дулаттары тұрақты бір жерде қыстамады. Күрті өзенінен Балхаш көліне дейінгі аймақты алып жатқан Тауқұм болысын мекендеген Ботбай руының ауылдары Ақжал, Жуантөбе қыстауында қыстағанымен, бұл жерде ұйытқып соққан боран, желдің әсерінен мал арып кетпес үшін ірі-қараны қыста қолға ұстамай, оларды Іле өзені қойнауындағы қамысқа қарай айдаған. Бұл өңірдегі ауылдар қоныстары Ақсүйек, Алажол, Тоқмақ уезі, Ботабөру, Қызылақтау, Аяқұм, Жирекоты, Жауқантөбе, Қамау елді мекендері болып саналады (Баллицкий, 1873: 21–23).

1908 жылы санақ парақтарына сүйенсек XX ғасырдың бас кезіндегі Шу-Талас өзендері аңғарындағы Дулат тайпасының қыстау иемденуі келесідей:

Әулиеата уезінде Дулаттар Сарыүйсін, Шапырашты, Ысты, Жалайыр руларымен аралас қоныстанып, ауылдас болды. Бұл жердегі Дулаттардың негізгі қыстаулары Шу, Талас өзендерінің бойын, Мойынқұм өңірінің орталық аймағын, Талас Алатауының етегін, Шу, Талас, Ащыбұлақ, Қайыңды, Жіңішке жуалы, Ойтал, Құрағаты, Аспара өзендерінен бастау алатын бұлақ пен бастаулар бойын, Мөңке, Боқтыкен, Ақбастау, Қарақыстақ өзендері, Төре, Жарарық, Көкөзек, Тас, Қисық, Сарбек, Таскетбай, Ақназар арықтары бойларын алып жатты.

Аспара болысын толығымен дерлік Дулат-Ботбайлар қоныстанып, Аспара өзенінен бастау алатын Көк, Бел, Тұзық, Қыйсық, Жартоған, Қарасу, Тас, Жамбастаған, Жаманбұлақ, Молалы алыс, Сасықбұлақ, Жаман, Тастаған, Екінші тоған, Қарақобы, Жалқамыс тоған, Мақан, Жота арықтары бойларындағы Мұнғазан, Апанды төбе, Ойтал, Ақермен, Ақөлең, Тұзу ұсрат, Қыйсық ұсрат, Тақыркөл, Жартоған, Қарақобы, Саршыбұр, Аспара, Қызтоған, Шошқалы, Талдыбұлақ қыстауларында қыстаған. Болыс 11 әкімшілік ауыл, 22 шаруашылық ауылға бөлініп, 1715 шаңырақта 14213 Ботбай тұрған.

Асы болысының 2, 3, 4, 7 – ші әкімшілік ауылдарында шымырдың күнту аталығынан тарағандар, 5-ші әкімшілік ауылында Боққайнат аталығынан тарағандар, ал 6-шы әкімшілік ауылында Боққайнат пен Күнту аталығынан тарағандар аралас қоныстанып, Шу өзені бойындағы Батырбек, Аққұдық, Алаботалы, Қаракұдық, Тасөткел, Жаршапқан, Шарбақты, Тамдықарын, Шынкелді қарын, Бүргенсу, Тайсойған, Тастөбе, Ағашық, Жусан құдық, Аққұдық, Кемерқұдық қыстауларын иемденді.

Билікөл болысының 7-ші әкімшілік ауылына қараған 23 шаңырақ Шымырлар Жіңішке жуалы өзені бойындағы Теріс қыстауында қоныстанды.

Ботамойнақ-Алмалы болысының 1–4 әкімшілік ауылдары Шымырдың Жанғыбай аталығынан тараған 238 шаңырақтан құралып, Сүгіт өзені, Қайыңды арығы бойындағы Тілеміс сай, Әйтiмбет Сүгіт қыстауларын, Тегембай сай, Шалыбастау бұлақтары басындағы Түс, Шымшықсай, Шилібастау, Қосқара, Шыңырауқұдық, Сасықкөл, Ұзынбұлақ қыстауларын иемденген. Ал, осы болыстықтың 5-ші әкімшілік ауылында Жанғыбайлар мен Бестеректер Алмалы, Көкбастау бұлақ бастарында, Төленді арығы бойындағы Қызылқайнар, Алмалы, Қоңыртөбе, Қоямбай тал, Ботамойнақ, Тесік бастау, Ақбүйім қыстауларында қоныстанды. 8-ші әкімшілік ауылын толығымен Жаныс-Жанғыбайлардың 127 шаңырағы құрап, Талас өзені бойында қыстады. Ботамойнақ-Алмалы болысы 12 әкімшілік ауылға, 78 шаруашылық ауылға бөлінсе, соның 52 ауылын толығымен дерлік Шымырдың Бекболат атасынан тараған Сәмбет, Жанғыбайлар құрап, 1868 шаңырақта 11725 тұрғын болса, соның 90%-ы шымырларға тиесілі.

Қарабақыр болысының 8 әкімшілік ауылына қарасты 52 ауыл толығымен дерлік Өтеміс-Жаныстардан құралды. Қарабақырдағы Өтеміс-Жаныстар Арбай, Жамантөрткөл, Өтеміс, Күлпейіс, Тұрарт, Қарабөгет, Аюбай, Сарышым, Ақберді, Тілеген, Мәмбет арықтары бойындағы Құлқайнар, Естеміс, Қарашеңгел, Кеңтоғай, Шөлтөбе, Дөңгелексаз, Көкүзек, Қанқожа мешіт, Дермен қыстауларында қыстаған. 1313 шаңырақта 8569 Жаныс болған.

Қарақыстақ болысында толығымен дерлік Дулаттардан құралды. Болыс 11 әкімшілік ауыл, 30 шаруашылық ауылға бөлінсе 5-ші әкімшілікте ішінара төрелердің 43 шаңырағы өмір сүрген. Болыста барлығы 1630 шаңырақта 11166 тұрғын болса, соның 1587 шаңырағында, 10877 Ботбай болған. Болыстықтағы Ботбайлар Мөңке, Боқтыкен, Ақбастау, Қарақыстақ өзендері, Төре, Жарарық, Көкөзек, Тас, Қисық, Сарбек, Таскетбай, Ақназар арықтары бойындағы, Сарбұлақ, Талдыбұлақ бастарындағы Ойқұдық, Бозжота, Тастақ, Мөңке, Бөгібайсаз, Ақназар, Молалы, Тасшілік, Ойранды, Әулиебұлақ қыстауларында қыстаған.

Құрағатын болысы тұрғындарының да негізгі басым бөлігін Дулаттар құрады. 1909 жылы 142 шаңырақ Дулат Иманбайарық қыстауында, 279 шаңырақ Дулат Құрағаты сай қыстауында, 157 шаңырақ Құдайкүл-Ботбайлар Күлтоған, Мерке, Шолаң қыстауларында, 193 шаңырақ Сиыршы-Ботбайлар мен Жаныстар Шошқалы, Махан, Аспара, Қарасу қыстауларында қоныстанды (1–3 әкімшілік ауылдар). Болыстықтың 5–9 әкімшілік ауылдарын толығымен Қоралас руынан тарағандар құрап, 646 шаңырақ, 6037 тұрғын қоралас Ойтал, Құрағаты, Аспара өзендері және Сортоған, Қарасу арықтары бойындағы Беларық, Сортоған, Тоқташ, Шілік қыстауларында қыстады. Ал 10-шы әкімшілік ауылда толығымен Бесторсық аталығынан тарағандар қоныстанып, 169 шаңырақта 1433 тұрғын болған.

Күшеней болысы да Дулаттардан құралды. Болыстықтағы 10 әкімшілік ауыл 53 ауылға бөлініп, 1293 шаңырақта 8198 Дулат, яғни Шымырдың Бестерек, Жанғыбай аталығынан тарағандар тіркелді. Мұндағы Бестерек-Шымырлар Талас өзені, Жота, Қарабөгет, Сарыөзек арықтары бойында, Шалке, Көшеней бұлақтары басында, Жанғыбай-Шымырлар Темірбек, Айтабар арықтары бойларында қыстаған.

Мақбал болысында Дулаттың Жиенбет, Күнту аталығынан тараған тұрғындар қоныстанып, барлығы 875 шаңырақта 5367 адамды құрады. Олардың қыстаулары Ащыбұлақ, Қайыңды өзендері, Бақытжартоспа, Арыстантоспа, Шеңгелдітоспа бұлақтарының басында орналасты.

Баутерек болысының 7, 8, 9, 10 ауылдарында Босмойындар шоғырланып, сол уақытта барлығы 520 шаңырақ тіркелді. Статистар 1908 жылы Әулиеата уезінен барлығы 36023 шаңырақ Ұлы жүз отбасына санақ парағын толтырған (МКЗ, 1911: 126).

Әулиеата уезінің Мерке, Үшқорған, Ботамойнақ-Алмалы қыстауларында қоныстанған Дулат шаруашылықтары қыстық мал жайылымдарын Қаратау таулары етегінен, Александровск қыратынан, Ішкілі тау етегінен иемденді. Көктеулік жайылымға қыстау маңынан алысқа кетпеді. Көктеулік, күздеулік жайылымдарды Талас жазығындағы Ортақтау, Ақтастау, Ішкілі тауларының оңтүстік сілімдерінен иемденіп, оны ауылдар бірігіп пайдаланған (МКЗ, 1911: 70; 116–136).

1913 жылғы санақ Шу, Талас өзені бойындағы 9664 шаңырақты қамтыған, соның ішінде 8011 шаңырақ Әулиеата уезінің Ағашақ, Аққолтық, Арғын, Ошақты, Күйік, Шу, Асы болысынан; Черняев уезінен 1653 шаңырақ Жаңасу, Жылыбұлақ, Қаракөл, Құршу, Сарыөзек болыстарынан қыстауда отырған кездерінде тіркелген (МКЗ, 1915: 24).

Малы көп ауылдар қыс қатты болған кезеңде Сырдария өзенінің сол жақ бетіндегі Қызылқұм құмдарындағы құмжалдар ортасындағы сайларға көшкен (МКЗ, 1915; Хозяйство казахов, 1980: 76)

Жайлауға көшу ареалы

Шу-Іле аралығы, Талас бойындағы көшпелілердің қыстаудан жайлауға көшу ареалына қарай орташа қысқа қашықтыққа, алыс қашықтыққа көшетіндер деп екіге бөлуге болады. Орташа қашықтыққа көшетін Талас, Мерке, Үшқорған Дулаттары көктеу мен күздеуде Мойынқұм құмында, жазда Шотқала, Ұзын Ахмет, Сусамыр жайлауларына, ал Әулиеата уезінің батысында орналасқан Дулаттар Александровск қыратының екі жақ сілімдеріндегі, Қаратау тауларының жоғарғы сілімдеріндегі жайлаулық жерлерге көшкен. Бұл жайлаулардың шөбі шүйгін, көк майса болғандықтан, мал тез семірген. Сусамыр жайлауында Дулат ауылдары тамыздың ортасына дейін, ал Мойынқұм құмдарында күздеуде қар түскенше отырған (МКЗ, 1911: 72, 125; Алибий, 1903). Яғни орташа қысқа қашықтыққа көшетін

ауылдар қыста Шу-Іле, Талас бойында, тау ішіндегі жазықты (терең ойпатты емес сайлар) сайларда, жазда осы өңірдегі тау қыраттарына қарай, өзен-сулардың жоғары ағысы бойына көтерілген.

Шу-Талас бойындағы мал саны көп ауылдары, яғни жартылай көшпелілердің алыс жайлауға көшетіндерінің саны шамамен 25% құрап, жаздық мал жайылымын алыстан іздеп, Ферғана облысының Наманган уезі таулары етегіне, кейбірі Қарқара уезіне, Ақмола уезіне қарасты Жетіқоңыр жайлауына көшкен. Жетіқоңыр жайлауы алыс жолды құраған, оған көшкенде ауыр деген заттарды қыстауда қалдырып, жайлауға тұрмысқа қажетті заттарды алып шыққан. Түйелерді көлік ретінде пайдаланып жүк артқан, жылқы үйірін бөлек, ұсақ мал отарын бөлек айдаған. Жайлауға бірнеше ауыл бірігіп, үлкен бір қауымды құрап көшкен. Мал төлдері көп, әрі жас болғанда, олар әлі ширыға қоймағандықтан бір күнде 3–5 шақырым жер жүріп, бір-екі күн құдық бастарында тоқтап, дем алған. Таң ата ерте жолға шығып, түс қайта көлеңкеде тоқтап, кешке қарай одан әрі жүріп отырған (МКЗ, 1915: 51; Хозяйство казахов, 1980: 77). Наманган уезіне Қаратау, Алатау асулары арқылы өткен.

Жетіқоңыр (жеті + қоңыр) топонимикасы «жеті қоңыр салқын жайлау» деген мағына береді, ол Бетпақдала мен Атбасар аралығындағы Дабысұн, Кент, Қотан, Талды, Барша, Жиделі, Жабағалы жайлауларын қамтитын аймақ, өңір. Шу өзені бойындағы малы көп ауылдар ерте көктемде солтүстік бағытқа көтеріліп, Жетіқоңыр жайлауларына жету үшін 1000 шақырым жолды еңсерген. Жетіқоңыр жайлауына Сырдарияның орта ағысы бойындағы Шымкент уезіндегі малы көп Дулаттар да көшіп, бір жолмен жүрді (МКЗ, 1915: 100; Хозяйство казахов, 1980: 76). Жетіқоңыр жолы қазақ жеріндегі қашықтығы ұзақ тарихи кезеңдегі қатынас жолдарының бірі. Қазақтар байырғы қатынас жолдарын «қаражолдар» деп те атаған. «Қаражол» атауы қазіргі кезде де кең қолданыста.


Біз зерттеп отырған оңтүстік-шығыстың жартылай шөлді аймақтары, Қаратау тауы, Талас Алатауының солтүстік қыраттары, Александр қыратының етегі мен сайларын, Талас, Шу өзендерінің орта, төменгі ағыстары бойы байырғы көш жолдарының бағытын құрап, қыстаудан жайлауға орташа қашықтықта көшудің тік/вертикальды бағытымен қатар меридиональды бағытын қатар ұстанды (Хозяйство казахов, 1980: 76)

Нәтижелер

Қазақ жерінің оңтүстік-шығысындағы Дулаттар жартылай көшпелі мал шаруашылығымен қатар егіншілікті қоса кәсіп етті, қосалқы шөп шабумен айналысты (Баллицкий, 1873: 21–23; Загряжский, 1874: 97–98, 110–111). XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында Әулиеата уезінде жартылай көшпелілер – 50,1 %, отырықшылар – 49,9 %; Верный уезінде жартылай көшпелілер – 84,7%; отырықшылар – 15,3 % құраған (Хозяйство казахов, 1980: приложение, карта 2). 1907 жылы Әулиеата уезінің жалпы саны 43294 шаңырағының қыстық қонысы мен жайылымдық жері 1 724 081 десятина, жайлаулық қонысы мен жайылымдық жер қоры 2 444 140 десятина жерді алып жатты. 1913 жылы Талас пен Шу өзенінің төменгі ағысы бойындағы Әулиеата мен Шымкент уезінің солтүстік бөлігін қоса есептегенде қыстық қоныс-жайылым – 1 131 003, жаздық қоныс-жайылым 5 015 126 десятина жерді қамтыған (Хозяйство казахов, 1980: 63–64). Бұл көрсеткіш Шу-Іле, Талас аңғарындағы Дулат тайпасына да тиесілі. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Шу-Талас этнокартографиясындағы «атақоныс» тарихи дәуірлерден атадан балаға мұра болып келгендігін дәлелдейді. Жетісу өңірінің оңтүстік-шығысындағы Мәтібұлақ, Бөрішалақ, Жартас, Аққайнар, Еспе, Қарашағыл шатқалы ертеден Дулаттардың қонысы болған. Тарихи-топонимикалық тұрғыдан келсек, ертедегі қыстаулық жер-су атаулары осы күнге өзгеріссіз жеткен.

Халық арасында тараған аңыз бойынша Мәтібұлақ атауы Мәті деген қалмақ қызымен байланысты. Бөрішалақ Жартас тауының шатқалында қасқыр апанының болуы, жартасқа салынған қасқыр бейнелерінің кездесуіне орай қалыптасқан. Аққайнар бұлақ көзінің бастауынан өзен ағып, табиғи жыра қалыптастырған. Жартас тауының етегінен осы өзен жырасының өтуіне орай тау етегіндегі елді мекен атауы да, Жартас тауының шатқалдары да

Аққайнар аталып кеткен. Еспе жер асты су жолының атауы, жер асты суының жақын болуымен байланысты Еспе аталған. Шидің қалың өсуі жер асты су жолының жақын болуының дәлелі. Қарашағыл осы жердің топырағы мен құмына орай қалыптасқан. Жер-су атауларының сақталуы тарихи топонимикалық зерттеуде маңызды ғылыми ақпарат. Бұл елді мекенді қоныстанған жергілікті халықтың мал шаруашылығы, егіншілік, шөп шабу кәсіптерімен айналысуы ертеден жалғасын тапқан.



Сурет 3 – Дулат тайпасының мерзімдік қоныстарын далалық зерттеу бағыттары: Алматы-Шымкент; Алматы-Мәтібұлақ. Бағыттық сызба: С. Сапатаев
[Fig. 3 – Field research routes of the seasonal settlements of the Dulat tribe: Almaty–Shymkent; Almaty–Matibulak. Route scheme by S. Sapataev].



Сурет 4 – Оба. Тұманды күндері малшылардың бағыт ұстауы үшін жартас, тау шыңына қойылатын белгі.
Еспе шатқалы. Шу-Іле аңғары экспедициясы – 2022.
[Fig. 4 – Oba. A marker placed on a rock or mountain peak to help herders navigate during foggy days. Espe Gorge. Shu-Ile Valley Expedition – 2022].



Сурет 5 – Қыстау орындары. Еспе шатқалы. Шу-Іле аңғары экспедициясы – 2022.
[Fig. 5 – Wintering sites. Espe Gorge. Shu-Ile Valley Expedition – 2022].

Қорытынды

Қазақ халқының бір аймақтағы сан ғасырлық тарихы, олардың қоныстану тарихы мен олардың этникалық құрамы, саны, мерзімдік қонысқа көшіп-қонуын зерттеу, әр ру-тайпаның «атақоныс» концепциясын тануға мүмкіндік береді. Қазақтардың аймақтық ерекшелігін негізге ала отырып, тарихи-этнографиясын ғылыми-теориялық, ғылыми практикалық қырынан игерудің отандық этнология ғылымы үшін маңызы зор. Жекеленген аймақтардағы қазақтардың, соның ішінде әр ру-тайпаның шаруашылық жүргізу қарекеттері, әлеуметтік-демографиялық тенденциясы сияқты тақырыптарды біріктіре саралау аймақтық этнография бағытында маңызды. XIX-XX бас кезіндегі мерзімдік қоныстар, жайылымдық жерлер топонимикасы ортағасырлық деректерге сәйкес келеді. Көшпелі шаруашылықтан жартылай отырықшылыққа өту кезеңіндегі ірі бетбұрыстар Қазақстанның әр аймағында қалыптасқан шаруашылық дәстүріне қарай әр қилы өтті. Біздің басты мақсатымыз осы тарихи бетбұрыс кезеңіндегі Талас, Шу-Іле аңғары қазақтарының, соның ішінде осы аймақтағы саны жағынан басым ру Дулаттардың қоныстануының тарихи географиясының ерекшелігін анықтау болды. Талас, Шу-Іле аңғарындағы байырғы қыстау орындары мен ауылдарға этнографиялық далалық зерттеу жұмысы барысындағы алғашқы ауыл шаруашылығы санағында көрсетілген тау-шатқалдардағы Еспе, Аққайнар, Мәтібұлақ, Бөрішолақ сайларында қыстау орындарындағы тіркеулер, жергілікті дерек кісілермен пікір алмасу байырғы ру-тайпалардың «атақоныс» концептісінің мәнінің жоғары екенін айғақтады.

Дереккөз

ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві
И-3 қор: «Начальник Алатавского округа»

Sources

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan
Fond I-3: «Head of the Alatavsky District»

Әдебиеттер

Абрамов, 1867 — *Абрамов Н.А.* Алматы или укрепление Верное с его окрестностями // Записки Императорского Русского Географического Общества. По общей географии. Т.1. Под ред. П.Семенова. СПб: Типография В.Безобразова, 1867. С. 255–268.

Абрамов, 1867 — *Абрамов Н.А.* Река Каратал с ее окрестностями // Записки Императорского Русского Географического общества по общей географии. СПб. 1867. Вып 1. С. 269–278.

Алибий, 1903 — *Алибий.* Из долины Сусамыра // Туркестанские Ведомости, 1903. № 58. 20 июля. С. 358–359.

Аманжолов, 1959 — *Аманжолов С.* Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Ч.1. Алматы: Казахское государственное учебно-педагогическое издательство, 1959. 452 с.

- Арғынбаев, Мұханов, Востров, 2000 — *Арғынбаев Х., Мұханов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы: Атамұра, 2000. 464 б.
- Аристов, 1897 — *Аристов Н.А.* Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // «Живая старина», 1896. Вып. 3–4. СПб: Типография С.Н.Худекова, 1897. С. 277–456.
- Аристов, 1894 — *Аристов Н.А.* Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов Большой орды и кара киргизов // «Живая старина», 1894. Вып. 3–4. С. 391–486.
- Әзірбаев, 2008 — *Әзірбаев К.* Әз Төле би (Өлең). Мына кітапта: Төле би. Құрастырған С.Дәуітұлы. Алматы, «Қаз. Ақпарат», 2008. 256 б.
- Баллицкий, 1873 — *Баллицкий Ю.* Заметки о кочевом населении в Верненском уезде (из записок организационных комиссий Семиреченской области) // Туркестанские ведомости. 1873. № 6. 6 февраля. С. 21–23.
- Военно-статистическое описание, 1910 — *Военно-статистическое описание Туркестанского военного округа.* Чжунгарского-Семиреченский приграничный район. Ч.1. Сост. Д. Федоров. Ташкент. 1910. 181 с.
- Волости Копалского, 1872 — *Волости Копалского* уезда. Ежегодник // Материалы для статистики Туркестанского края. Вып.1. Под ред. Н.А. Маева. СПб. 1872. 328 с.
- Георги, 1799 — *Георги И.Г.* Описание всех обитающих в Российском государстве народов, так же их житейских обрядов, вер, обыкновений, жилищ, одежд и прочих достопамятностей. СПб.: При имп.АН, 1799. Ч.2. 168 с.+30 вкл.
- Гродеков, 1889 — *Гродеков Н.И.* Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Юридический быт. Т.1. Ташкент: Типо-литография С.И.Лахтина, 1889. 205 с.
- Дәуітбеков, 2006 — *Дәуітбеков Ә.* Сикым шежіресі. Алматы: Қазақпарат, 2006. 920 б.
- Досымбаева, 2012 — *Досымбаева А.* Қазақстандағы түрік мұрасы. Мына кітапта: VI–VIII ғғ. Еуразиядағы түрік мұрасы (ғылыми-танымдық альбом). Ғылыми ред.: А.Досымбаева. Алматы, 2012. 228 б.
- Загряжский, 1874 — *Загряжский Г.С.* Быт кочевого населения долин Чу и Сырдарьи // Туркестанские ведомости. Ташкент, 1874. № 25. С. 97–98. № 28. С. 110–111.
- Левшин, 1832 — *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч.III. Этнографические известия. СПб.: Типография Карла Крайя, 1832. 304 с.
- Логинов, 1872 — *Логинов А.А.* О числе кочевого населения Аулиеатинского уезда. Ежегодник // Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник. Издательство Туркестанского статистического комитета. Вып. 1. Под ред. Н.А.Маева. СПб.: Типография Ф.Михьева, 1872. 237 с.
- МКЗ, 1915 — *Материалы по киргизскому землепользованию* района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулиеатинского уездов Сыр-Дарьинской области. Под редакцией И.Рылова. Ташкент: Лито-типография В.М.Илина, 1915. 210 с.
- МКЗ, 1911 — *Материалы по киргизскому землепользованию.* Сырдаринская область. Аулиеатинский уезд. Том 1—2. Под редакцией П.Скрыплева. Ташкент: Лито-типография В.М.Ильина, 1911. Том 1. 214 с. Том 2. 216 с.
- Материалы по обследованию, 1911 — *Материалы по обследованию* туземного и русского старожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Под руководством П.П. Румянцева. Т.1 Лепсинский уезд. СПб., 1911. 633 с.
- Материалы по обследованию, 1913 — *Материалы по обследованию* туземного и русского старожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Под руководством П.П. Румянцева. Т.4. Верненский уезд. СПб., 1913. 1002 с.
- Мейер, 1865 — *Мейер Л.* Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Ч.1. Киргизская степь. Оренбургского ведомства. СПб.: Тип. Э.Веймера, 1865. 288 с.+ 12 л карта + табл.
- Монастырский, 1872 — *Монастырский В.А.* О числе кочевого населения в Семиреченской области. Ежегодник // Материалы для статистики Туркестанского края. Вып.1. СПб., 1872.
- Мыңжан, 1993 — *Мыңжан Н.* Қазақтың көне тарихы. Алматы: Жалын, 1993. 400 б.
- Никонов, 1978 — *Никонов В.А.* Заметки по оронимии Киргизии. «Ономастика Средней Азии». М.: 1978. С. 86–107.
- Пантусов, 1899 — *Пантусов Н.* Новая археологическая находка в Аулиеатинском уезде // Записки восточного отделения императорского русского археологического общества. Том XI. Вып. I–IV. СПб., 1899.
- Материалы по истории Казахской, 1940 — *Письмо Оренбургского военного губернатора Г.С. Волконского Министру коммерции Н.П. Румянцеву: «Описания 3-х Киргиз-Кайсацких орд».* Материалы по истории Казахской ССР. (1785—1828 гг.) Т.IV. — М.-Л.: Изд. АН СССР. 1940. С. 514–516 (543 с. + 1 л. Карта).
- Радлов, 1989 — *Радлов В.* Из Сибири. Страницы дневника. М.: Наука, 1989. 749 с.
- Радлов, 1880 — *Радлов В.* Средняя Зеравшанская долина // Записки Императорского общества. По отд. Этнографии. Том 6. СПб. 1880. 93 с.
- Тынышпаев, 1925 — *Тынышпаев М.* Материалы к истории киргиз-казахского народа. Ташкент: Восточное отделение киргизского государственного издательства, 1925. 63 с.+ С. 64 – 75 вкл. приложение.
- Хозяйство казахов, 1980 — *Хозяйство казахов на рубеже XIX–XX веков.* Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980. 256 с. + 4 карта.

References

- Abramov, 1867 — *Abramov N.A.* Almaty ili ukreplenie Vernoe s ego okrestnostyami. Zapiski Imperatorskogo Russkogo Geograficheskogo Obshchestva [Almaty, or the Vernoe Fortification and Its Surroundings. Proceedings of the Imperial Russian Geographical Society]. Po obshchei geografii. T. 1. Pod red. P. Semenova. SPb: Tipografiya V. Bezobrazova, 1867. p. 255–268. (In Russ.).
- Abramov, 1867 — *Abramov N.A.* Reka Karatal s ee okrestnostyami [The Karatal River and Its Surroundings]. Zapiski Imperatorskogo Russkogo Geograficheskogo obshchestva po obshchei geografii. SPb, 1867. Vyp. 1. p. 269–278. (In Russ.).
- Alibii, 1903 — *Alibii*. Iz doliny Susamyra [From the Susamyr Valley]. Turkestanskije Vedomosti, 1903. No. 58. 20 iyulya. p. 358–359. (In Russ.).
- Amanzholov, 1959 — *Amanzholov S.* Voprosy dialektologii i istorii kazakhskogo yazyka [Issues of Dialectology and the History of the Kazakh Language]. Ch. 1. Almaty: Kazakhskoe gosudarstvennoe uchebno-pedagogicheskoe izdatel'stvo, 1959. 452 p. (In Russ.).
- Argynbaev, Mukhanov, Vostrov, 2000 — *Argynbaev Kh., Mukhanov M., Vostrov V.* Kazak shezhiresi khakynda [On the Kazakh Shezhire (Genealogy)]. Almaty: Atamura, 2000. 464 p. (In Kaz.).
- Aristov, 1894 — *Aristov N.A.* Opyt vyiasneniya etnicheskogo sostava kirgiz-kazakhov Bol'shoi ordy i kara kirgizov [An Attempt to Determine the Ethnic Composition of the Kirghiz-Kazakhs of the Great Horde and the Kara-Kirghiz]. Zhivaya starina, 1894. Vyp. 3–4. p. 391–486. (In Russ.).
- Aristov, 1897 — *Aristov N.A.* Zametki ob etnicheskom sostave tyurkskikh plemen i narodnostei i svedeniya ob ikh chislennosti [Notes on the Ethnic Composition of Turkic Tribes and Peoples and Information on Their Population Size]. Zhivaya starina, 1896. Vyp. 3–4. SPb: Tipografiya S.N. Khudekova, 1897. p. 277–456. (In Russ.).
- Azirbaev, 2008 — *Azirbaev K.* Az Tole bi (Olen) [Az Tole Bi (Poem)]. Myna kitapta: Tole bi. Kurastyrgan S. Dauituly. Almaty: Kaz. Akparat, 2008. 256 p. (In Kaz.).
- Ballickii, 1873 — *Ballickii Yu.* Zametki o kochevom naselenii v Vernenskom uezde (iz zapisok organizatsionnykh komissii Semirechenskoi oblasti) [Notes on the Nomadic Population in the Verny Uyezd (from the Records of the Organizational Commissions of the Semirechye Region)]. Turkestanskije vedomosti. 1873. No. 6. 6 fevralya. p. 21–23. (In Russ.).
- Dauitbekov, 2006 — *Dauitbekov A.* Sikym shezhiresi [The Genealogy (Shezhire) of the Sikym]. Almaty: Kazakparat, 2006. 920 p. (In Kaz.).
- Dosymbaeva, 2012 — *Dosymbaeva A.* Kazakstandagy turik murasy. Myna kitapta: VI–VIII gg. Euraziyadagy turik murasy (gylimi-tanyndyk al'bom) [Turkic Heritage in Kazakhstan. In: Turkic Heritage in Eurasia in the 6th–8th Centuries (Scientific and Educational Album)]. Gylimi red.: A. Dosymbaeva. Almaty, 2012. 228 p. (In Kaz.).
- Georgi, 1799 — *Georgi I.G.* Opisanie vseh obitayushchikh v Rossiiskom gosudarstve narodov, tak zhe ikh zhteiskikh obryadov, ver, obyknovenii, zhilishch, odezhd i prochikh dostopamyatnostei [Description of All the Peoples Living in the Russian State, as well as Their Everyday Rituals, Beliefs, Customs, Dwellings, Clothing, and Other Notable Features]. SPb.: Pri imp. AN, 1799. Ch. 2. 168 p. + 30 vkl. (In Russ.).
- Grodekov, 1889 — *Grodekov N.I.* Kirgizy i karakirgizy Syr-Dar'inskoi oblasti [The Kirghiz and Kara-Kirghiz of the Syr-Darya Region]. Yuridicheskii byt. T. 1. Tashkent: Tipo-litografiya S.I. Lakhtina, 1889. 205 p. (In Russ.).
- Khozyaistvo kazakhov, 1980 — *Khozyaistvo kazakhov na rubezhe XIX–XX vekov. Materialy k istoriko-etnograficheskomu atlasu* [The Economy of the Kazakhs at the Turn of the 19th–20th Centuries. Materials for a Historical and Ethnographic Atlas]. Alma-Ata: Nauka, 1980. 256 p. + 4 karty. (In Russ.).
- Levshin, 1832 — *Levshin A.I.* Opisanie kirgiz-kazach'ikh ili kirgiz-kaisatskikh ord i stepei [Description of the Kirghiz-Kazakh, or Kirghiz-Kaisak, Hordes and Steppes]. Ch. III. Etnograficheskie izvestiya. SPb.: Tipografiya Karla Kraiya, 1832. 304 p. (In Russ.).
- Loginov, 1872 — *Loginov A.A.* O chisle kochevogo naseleniya Aulieatinskogo uezda. Ezhegodnik. Materialy dlya statistiki Turkestanskogo kraya. Ezhegodnik. Izdatel'stvo Turkestanskogo statisticheskogo komiteta [On the Number of the Nomadic Population of the Aulieata Uyezd. Yearbook. Materials for the Statistics of the Turkestan Region. Yearbook. Published by the Turkestan Statistical Committee]. Vyp. 1. Pod red. N.A. Maeva. SPb.: Tipografiya F. Mikh'eva, 1872. 237 p. (In Russ.).
- Materialy po istorii Kazakhskoi, 1940 — *Pis'mo Orenburgskogo voennogo gubernatora G.S. Volkonskogo Ministru kommertsii N.P. Rumyantsevu: Opisanie 3-kh Kirgiz-Kaisatskikh ord. Materialy po istorii Kazakhskoi SSR (1785–1828 gg.)* [Letter of the Orenburg Military Governor G.S. Volkonsky to the Minister of Commerce N.P. Rumyantsev: Description of the Three Kirghiz-Kaisak Hordes. Materials on the History of the Kazakh SSR (1785–1828)]. T. IV. M.; L.: Izd. AN SSSR, 1940. p. 514–516 (543 p. + 1 l. karta). (In Russ.).
- Materialy po obsledovaniyu, 1911 — *Materialy po obsledovaniyu tuzemnogo i russkogo starozhil'cheskogo khozyaistva i zemlepol'zovaniya v Semirechenskoi oblasti* [Materials on the Survey of Native and Russian Old-Settler Economy and Land Use in the Semirechye Region]. Pod ruk. P.P. Rumyantseva. T. 1. Lepsinskii uezd. SPb, 1911. 633 p. (In Russ.).
- Materialy po obsledovaniyu, 1913 — *Materialy po obsledovaniyu tuzemnogo i russkogo starozhil'cheskogo khozyaistva i zemlepol'zovaniya v Semirechenskoi oblasti* [Materials on the Survey of Native and Russian Old-Settler Economy and Land Use in the Semirechye Region]. Pod ruk. P.P. Rumyantseva. T. 4. Vernenskii uezd. SPb, 1913. 1002 p. (In Russ.).

Meyer, 1865 — *Meyer L.* Materialy dlya geografii i statistiki Rossii, sobrannye ofitserami general'nogo shtaba. Ch. 1. Kirgizskaya step'. Orenburgskogo vedomstva [Materials for the Geography and Statistics of Russia, Collected by Officers of the General Staff. Part 1. The Kirghiz Steppe of the Orenburg Department]. SPb.: Tip. E. Veimera, 1865. 288 p. + 12 l. karta + tabl. (In Russ.).

MKZ, 1911 — Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniyu. Syrdar'inskaya oblast'. Aulieatinskii uyezd [Materials on Kyrgyz Land Use. Syr-Darya Region. Aulieata Uyezd]. T. 1–2. Pod red. P. Skrypleva. Tashkent: Lipo-tipografiya V.M. Il'ina, 1911. T. 1. 214 p.; T. 2. 216 p. (In Russ.).

MKZ, 1915 — Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniyu raiona reki Chu i nizov'ev reki Talasa Chernyaevskogo i Aulieatinskogo uezdov Syr-Dar'inskoi oblasti [Materials on Kyrgyz Land Use in the Area of the Chu River and the Lower Reaches of the Talas River of the Chernyaev and Aulieata Uyezds of the Syr-Darya Region]. Pod red. I. Rylova. Tashkent: Lipo-tipografiya V.M. Ilina, 1915. 210 p. (In Russ.).

Monastyrskii, 1872 — *Monastyrskii V.A.* O chisle kochevogo naseleniya v Semirechenskoi oblasti [On the Number of the Nomadic Population in the Semirechye Region]. Ezhegodnik. Materialy dlya statistiki Turkestanskogo kraja. Vyp. 1. SPb, 1872. (In Russ.).

Mynzhan, 1993 — *Mynzhan N.* Kazaktyñ kone tarikhy [The Ancient History of the Kazakhs]. Almaty: Zhalyñ, 1993. 400 p. (In Kaz.).

Nikonov, 1978 — *Nikonov V.A.* Zametki po oronimii Kirgizii. Onomastika Srednei Azii [Notes on the Oronymy of Kyrgyzstan. Onomastics of Central Asia]. M., 1978. p. 86–107. (In Russ.).

Pantusov, 1899 — *Pantusov N.* Novaya arkheologicheskaya nakhodka v Aulieatinskom uезде. Zapiski vostochnogo otdeleniya Imperatorskogo russkogo arkheologicheskogo obshchestva [A New Archaeological Find in the Aulieata Uyezd. Proceedings of the Eastern Department of the Imperial Russian Archaeological Society]. T. XI. Vyp. I–IV. SPb, 1899. (In Russ.).

Radlov, 1880 — *Radlov V.* Srednyaya Zeravshanskaya dolina. Zapiski Imperatorskogo obshchestva [The Middle Zeravshan Valley. Proceedings of the Imperial Society]. Po otd. etnografii. T. 6. SPb, 1880. 93 p. (In Russ.).

Radlov, 1989 — *Radlov V.* Iz Sibiri. Stranitsy dnevnika [From Siberia. Pages from a Diary]. M.: Nauka, 1989. 749 p. (In Russ.).

Tynyshpaev, 1925 — *Tynyshpaev M.* Materialy k istorii kirgiz-kazakhskogo naroda [Materials on the History of the Kirghiz-Kazakh People]. Tashkent: Vostochnoe otdelenie kirgizskogo gosudarstvennogo izdatel'stva, 1925. 63 p. + p. 64–75 vkl. prilozhenie. (In Russ.).

Voенно-statisticheskoe opisanie, 1910 — Voенно-statisticheskoe opisanie Turkestanskogo voennogo okruga. Chzhungarsko-Semirechenskii prigranichnyi raion [Military-Statistical Description of the Turkestan Military District. The Dzungarian–Semirechye Border Region]. Ch. 1. Sost. D. Fedorov. Tashkent, 1910. 181 p. (In Russ.).

Volosti Kopalskogo, 1872 — Volosti Kopalskogo uезда. Ezhegodnik. Materialy dlya statistiki Turkestanskogo kraja [Volosts of the Kopal Uyezd. Yearbook. Materials for the Statistics of the Turkestan Region]. Vyp. 1. Pod red. N.A. Maeva. SPb, 1872. (In Russ.).

Zagriazhskii, 1874 — *Zagriazhskii G.S.* Byt kochevogo naseleniya dolin Chu i Syrdar'i [The Way of Life of the Nomadic Population of the Chu and Syr Darya Valleys]. Turkestanskije vedomosti. Tashkent, 1874. No. 25. p. 97–98; No. 28. p. 110–111. (In Russ.).

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Alpysbes M.A., Khumarzakh A., Kara A. THE LETTER OF GÜYÜK KHAN AS A HISTORICAL SOURCE	608
---	-----

HISTORY

Batyrbayeva M., Dönninghaus V. THE HISTORY OF THE FORMATION OF CIVIL AVIATION IN KAZAKHSTAN (1920–1940)	626
Bekenova A.A., Mukhatova O.Kh. COMBATING CRIME AMONG HOMELESS CHILDREN IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S	642
Berlibay E., Zhubanyshov B., Smanova A. THE CONSEQUENCES OF REPRESSION IN KAZAKHSTAN (1920-1950)	659
Zhirenov A.A., Kalan E. EMIR OF KHOREZM HUSSEIN SUFI IN HIS WORK "TAVARIKH-I GUZIDE-I NUSRAT-NAMEH"	677
Kapbarova G.Sh., Amirbek A.A., Gündogdu A. SETTLEMENT AND SOCIAL ADAPTATION OF KANDAS IN SOUTHERN KAZAKHSTAN: REGIONAL DYNAMICS AND THE IMPACT OF MIGRATION POLICY (2000–2023)	689
Kapayeva A.T., Kassymova D.B., Konkabayeva A.N. SOCIAL POLICY AND WOMEN'S HEALTH IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S–1930S: A HISTORICAL-SOCIAL ANALYSIS	705
Mamytova S.N., Shayakhmet N.U., Batalov K.K. USE OF SNOW AND SNOW RETENTION PRACTICES IN THE ECONOMY OF THE KAZAKHS IN THE IRTYSH REGION (LATE 19TH – EARLY 20TH CENTURY)	725
Nurymbetova G.R., Abzhanov Kh.M. POLITICAL REPRESSION IN KAZAKHSTAN: THE FATE OF S. SEIFULLIN	738
Ospanova R.R., Murzakhodzhayev K. ACTIVITIES OF SECULAR AND MUSLIM EDUCATIONAL INSTITUTIONS IN THE SEMIRECHYE REGION AT THE TURN OF THE XIX–XX CENTURIES (INTERDISCIPLINARY ANALYSIS BASED ON ARCHIVAL DOCUMENTS)	753
Saktaganova Z.G., Zhagypar A.B., Baigozhina G.M. OME ASPECTS OF "DISSENT" AMONG THE YOUTH OF KARAGANDA IN 1940–1945	772
Satenova M., Shotanova G., Zhetpisbay N. ON THE DEVELOPMENT OF DOMESTIC ARCHEOGRAPHY BASED ON DOCUMENTARY PUBLICATIONS OF THE 18TH–19TH CENTURIES	789
Toraigyrov E.M., Dzhumashev A.M. THE ZHATAKS OF THE IRTYSH REGION AND THE TEN-VERST BELT IN THE SECOND HALF OF THE 19TH – EARLY 20TH CENTURIES	806
Tuleshova U.Zh., Galimov E.A. IMPERIAL POWER AND QAZAQ ELITES: MAIN DIRECTIONS OF THE HISTORIOGRAPHICAL STUDY OF THE INSTITUTION OF SULTAN-RULERS IN THE JUNIOR ZHUZ	821
Tursun Kh.M., Khazretalikyzy R., Kapbarova G.M. THE HISTORICAL PSYCHOLOGY OF FORCED NOMADIC DISPLACEMENT	840
Cherepanov K.V., Omarova G.A., Ualtaeva A.S. THE FORMATION OF ALMATY AS THE POLITICAL CENTER OF KAZAKHSTAN (1920S–30S)	854
Shashayev A.K., Kurmanalina N.N., Belous S.G. POLICE ACTIVITIES DURING THE 1916 UPRISING IN THE SEMIRECHESK REGION	876

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Razdykov S.Z., Sydygaliyev S.M., Khainazarov B.B. ONOMASTIC ELEMENTS OF SUFI ORIGIN IN THE GENEALOGY OF KAZAKH CLANS IN THE XIV–XV CENTURIES	892
Samashev S.K., Sapashev O.S., Seitkhanuly Sh. TAMGAS AND EAR MARKS (EN) OF THE KAZAKHS OF MONGOLIA	908
Sapatayev S.A., Kartayeva T.E., Orynbasar B.K. SEASONAL SETTLEMENTS OF THE DULAT TRIBE IN THE VALLEYS OF THE SHU-ILE AND TALAS RIVERS	926

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Алпысбес М.А., Хумарзах А. Қара Ә.	
КҮЙІК ХАННЫҢ ХАТЫ – ТАРИХИ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ	608

ТАРИХ

Батырбаева М., Дёнингхаус В.	
ҚАЗАҚСТАНДА АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ (1920–1940 ЖЖ.)	626
Бекенова А.А., Мухатова О. Х.	
1920-ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАНАСЫЗ –	
БАЛАЛАР ҚЫЛМЫСЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС	642
Берлібай Е., Жұбанышов Б., Сманова А.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚУҒЫН–СҮРГІНІНІҢ ЗАРДАПТАРЫ (1920-1950 жж.)	659
Жиренов А.А., Калан Э.	
«ТАУАРИХИ ГУЗИДЕ-И НУСРАТ НАМЕ»	
ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ХОРЕЗМ ӘМІРІ ХУСЕЙН СУФИ	677
Капбарова Г.Ш., Амирбек А.А., Гүндоғду А.	
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАНДАСТАРДЫҢ ҚОНЫСТАНУЫ	
МЕН ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІ: АЙМАҚТЫҚ ДИНАМИКАСЫ	
ЖӘНЕ КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫНЫҢ ӘСЕРІ (2000–2023 ЖЖ.)	689
Қапаева А.Т., Қасымова Д.Б., Қоңқабаева А.Н.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ	
ЖӘНЕ ӘЙЕЛДЕР ДЕНСАУЛЫҒЫ: ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК ТАЛДАУ	705
Мамытгова С.Н., Шаяхмет Н.У., Баталов Қ.Қ.	
ЕРТІС ӨңІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА	
ҚАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚАР ТОҚТАТУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ (XIX ғ. соңы – XX ғ. басы).....	725
Нұрымбетова Г.Р., Әбжанов Х.М.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН: С. СЕЙФУЛЛИН ТАҒДЫРЫ	738
Оспанова Р.Р., Мурзаходжаев Қ.	
XIX–XX ҒАСЫРЛАР ТОҒЫСЫНДА ЖЕТІСУ ӨңІРІНДЕГІ ЗАЙЫРЛЫ	
ЖӘНЕ МҰСЫЛМАНДЫҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ	
(АРХИВТІК ҚҰЖАТТАР НЕГІЗІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ)	753
Сақтағанова З.Ғ., Жағыпар Ә.Б., Байгожина Г.М.	
1940–1945 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ЖАСТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ	
«ӨЗГЕШЕ ОЙЛАУДЫҢ» КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ	772
Сатенова М., Шотанова Г., Жетпісбай Н.	
XVIII–XIX ҒҒ. ҚҰЖАТТЫҚ ЖАРИЯЛАНЫМДАР НЕГІЗІНДЕГІ ОТАНДЫҚ	
АРХЕОГРАФИЯНЫҢ ДАМУЫ ТУРАЛЫ.....	789
Торайғыров Е.М., Джумашев А.М.	
XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ	
ЕРТІС ӨңІРІ МЕН ЕРТІС ОН ШАҚЫРЫМДЫҚ БЕЛДЕУІНДЕГІ ЖАТАҚТАР.....	806
Түлешова Ұ.Ж., Галимов Е.А.	
ИМПЕРИЯЛЫҚ БІЛІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЭЛИТАСЫ: КІШІ ЖҮЗДЕГІ БІЛЕУШІ	
СҰЛТАНДАР ИНСТИТУТЫН ТАРИХНАМАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	821
Түрсүн Х. М., Хазретәліқызы Р., Капбарова Г. М.	
МӘЖБҮРЛІ АУА КӨШУДІҢ ТАРИХИ ПСИХОЛОГИЯСЫ	840
Черепанов К.В., Омарова Г.А., Уалтаева А.С.	
АЛМАТЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ (1920–30 ЖЖ.)	854
Шашаев Ә.К., Құрманалина Н.Н., Белоус С.Г.	
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС КЕЗІНДЕГІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ	876

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Раздықов С.З., Сыдығалиев С. М., Хайназаров Б.Б.	
XIV–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ РУЛАРЫ ШЕЖІРЕСІНДЕГІ	
СОПЫЛЫҚ ТЕКТІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР.....	892
Самашев С.Қ., Сапашев О.С., Сейітханұлы Ш.	
МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ЕН-ТАҢБАЛАРЫ.....	908
Сапатаев С.Ә., Қартаева Т.Е., Орынбасар Б.Қ.	
ШУ-ІЛЕ ЖӘНЕ ТАЛАС ӨЗЕНДЕРІ АҒАРЛАРЫНДАҒЫ ДУЛАТ ТАЙПАСЫНЫҢ	
МЕРЗІМДІК ҚОНЫСТАРЫ	926

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Алпысбес М.А., Хумарзах А. Кара А.	
ПИСЬМО ХАНА ГУЮКА КАК ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК	608

ИСТОРИЯ

Батырбаева М., Дённингхаус В.	
ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ГРАЖДАНСКОЙ АВИАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ (1920–1940 ГГ.)	626
Бекенова А.А., Мухатова О.Х.	
БОРЬБА С ПРЕСТУПНОСТЬЮ БЕЗПРИЗОРНЫХ ДЕТЕЙ	
В КАЗАХСТАНЕ В 1920-Х ГОДАХ	642
Берлибай Е., Жубанышов Б., Сманова А.	
ПОСЛЕДСТВИЯ РЕПРЕССИЙ В КАЗАХСТАНЕ (1920-1950 ГГ.)	659
Жиренов А.А., Калан	
ЭМИР ХОРЕЗМА ХУСЕЙН СУФИ В ПРОИЗВЕДЕНИИ «ТАВАРИХИ ГУЗИДЕ-И НУСРАТ НАМЕ»	677
Капбарова Г.Ш., Амирбек А.А., Гюндоду А.	
РАССЕЛЕНИЕ И СОЦИАЛЬНАЯ АДАПТАЦИЯ КАНДАСОВ В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ:	
РЕГИОНАЛЬНАЯ ДИНАМИКА И ВЛИЯНИЕ МИГРАЦИОННОЙ ПОЛИТИКИ (2000–2023 ГГ.)	689
Капаева А.Т., Касымова Д.Б., Конкабаева А. Н.	
СОЦИАЛЬНАЯ ПОЛИТИКА И ЖЕНСКОЕ ЗДОРОВЬЕ В КАЗАХСТАНЕ В 1920–1930-Е ГГ.:	
ИСТОРИКО-СОЦИАЛЬНЫЙ АНАЛИЗ.....	705
Мамытова С.Н., Шаяхмет Н.У., Баталов К.К.	
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СНЕГА И ПРАКТИКИ СНЕГОЗАДЕРЖАНИЯ В ХОЗЯЙСТВЕ	
КАЗАХОВ ПРИИРТЫШЬЯ (КОНЕЦ XIX – НАЧАЛО XX ВЕКА)	725
Нурымбетова Г.Р., Абжанов Х.М.	
ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ В КАЗАХСТАНЕ: СУДЬБА С. СЕЙФУЛЛИНА.....	738
Оспанова Р.Р., Мурзаходжаев К.	
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СВЕТСКИХ И МУСУЛЬМАНСКИХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ	
В РЕГИОНЕ СЕМИРЕЧЬЕ НА РУБЕЖЕ XIX И XX ВЕКОВ (МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЙ	
АНАЛИЗ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ).....	753
Сактаганова З. Г., Жагыпар А.Б., Байгожина Г.М.	
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ «ИНАКОМЫСЛИЯ»	
СРЕДИ МОЛОДЁЖИ КАРАГАНДЫ В 1940–1945 ГОДАХ	772
Сатенова М., Шотанова Г., Жетписбай Н.	
О РАЗВИТИИ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ АРХЕОГРАФИИ НА ОСНОВЕ ДОКУМЕНТАЛЬНЫХ	
ПУБЛИКАЦИЙ XVIII–XIX ВВ.	789
Торайгыров Е.М., Джумашев А.М.	
ЖАТАКИ ПРИИРТЫШЬЯ И ДЕСЯТИВЕРСТНОЙ ПОЛОСЫ	
ВО 2-Й ПОЛОВИНЕ XIX–НАЧАЛЕ XX ВВ.	806
Тулешова У.Ж., Галимов Е.А.	
ИМПЕРСКАЯ ВЛАСТЬ И КАЗАХСКАЯ ЭЛИТА: ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ	
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКОГО ИЗУЧЕНИЯ ИНСТИТУТА СУЛТАНОВ-ПРАВИТЕЛЕЙ	
МЛАДШЕГО ЖУЗА.....	821
Турсун Х.М., Хазреталикызы Р., Капбарова Г.М.	
ИСТОРИЧЕСКАЯ ПСИХОЛОГИЯ ВЫНУЖДЕННОГО ОТКОЧЕВАНИЯ	840
Черепанов К.В., Омарова Г.А., Уалтаева А.С.	
ФОРМИРОВАНИЕ АЛМА-АТА КАК ПОЛИТИЧЕСКОГО ЦЕНТРА КАЗАХСТАНА (1920–30-Е ГГ.)	854
Шашаев А.К., Курманалина Н.Н., Белоус С.Г.	
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПОЛИЦИИ В ПЕРИОД ВОССТАНИЯ 1916 ГОДА	
В СЕМИРЕЧЕНСКОЙ ОБЛАСТИ	876

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Раздыков С.З., Сыдығалиев С. М., Хайназаров Б.Б.	
ОНОМАСТИЧЕСКИЕ ЭЛЕМЕНТЫ СУФИЙСКОГО ПРОИСХОЖДЕНИЯ	
В ГЕНЕАЛОГИИ КАЗАХСКИХ РОДОВ XIV–XV ВВ.....	892
Самашев С.К., Сапашев О.С., Сейитханулы Ш.	
ТАМГИ И ЕН КАЗАХОВ МОНГОЛИИ	908
Сапатаев С.А., Картаева Т.Е., Орынбасар Б.К.	
СЕЗОННЫЕ ПОСЕЛЕНИЯ ПЛЕМЕНИ ДУЛАТ В ДОЛИНАХ РЕК ШУ-ИЛЕ И ТАЛАСА	926

ASIAN JOURNAL «STEPPE PANORAMA»
2026. 13(2)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй